



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

Айлық журнал

№ 27 (27) 29.01.2018

Ежемесячный журнал

# ШАБЫТ





Қазақтың жүрегі тоқтамасын, өнердің жүрегі тоқтамасын деп отырғаным сол. Өнерін олтірін алған қазақ ел болып онбайды, елінен айнып қалған жүрек - жүрек боп соғып жарытпайды. Екеуі бөлінбес бір бүтін, тұтас дүние деп есептеймін. Ендеше, жүрегіміз тоқтамасын!

Әшірбек Сығай

**Ағалар алқасы:**

«Шабьт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә.Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А.Қ. – Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К.Д. – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р.Қ. – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н.Р. – өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор

Юсупова А.К. – өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Асылбекова А.М. – өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Ескендилов Н.Р. - PhD докторы

**Редакция мүшелері:**

Журналға жауапты: Кадыралиева А.О.

Бас редактор: Бақытбек Рухия

Дизайнер: Тоқтар Жетпісбай

**Редакцияның мекен-жайы:**

Байланыс телефоны: 87074825011

Редакцияның басылым бөлімі

Мекен-жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237

E-mail: shabyt\_zhurnal@mail.ru

# ШАБЫТ

Иттің жасы.....2

Бұл өмірде әр адамға өзінің сүйікті ісімен айналысуға толық мүмкіндік бар .....5

Краткая информация о творческом центре «Шабьт» ..8

Еңлік боп алғашқы рет көзге тускен..... 9

Өтіріктің пайдасы .....12

Қайыршы мысық .....14

«Ер Төстік» мюзиклі .....18

История одной дружбы:Ахмет Байтурсынов - Александр Затаевич ..... 20

«Шабьт» Фестиваль.....22

Казахский Национальный Университет Искусств .....24

Лифт пен баспалдақ .....25

Рождение оперной студии в университете искусств ..... 27

Оқу. Бәсекелестікке қабілеттілік факторы ҚазҰӨУ тәжірибесінен .....30

М і н е з .....35

Движение к результату – самое главное .....37

Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаеванароду Казахстана.

«Новые возможности развития в условиях четвертойпромышленной революции» .....42



**Қыз Жібек  
Төлегенінен  
айырылды**

13-бет



**«Ғетазын тыңдаған  
шәкірт жерде  
қалмайды...»**

36-бет



**Өмірді - ертегі  
деп қабылдау  
керек...**

41-бет

# Иттің жасы

Көктемнің күні. Шығыстан таң шапағы білінгеннен басталып, күн бағысқа батқанша бір толас таппайтын тірінің тіршілігі. Әркім өз ісімен. Автобус айдайтын көршіміз Сақан машинасының моторымен әлек. Малшы Марат өз әдетінше мал қорасында. Ауылдың ұстасы Қоқан ыңылдап ағаш жонып отыр. Тауық қораның жанынан жапсарластыра салынған өз үйшігінің алдында кеуіп кеткен қу сүйекті қызғанғандай екі аяғының арасына ала түсіп Байғасқа жатыр. Жанынан өткен тауықтарға ырылдай қарап, қу сүйекті қармана түседі. Дымға жарамсыз оны несіне қызғанады десенші?.. Түсінбеймін...



Қыс болсын, жаз болсын ауылдың түңгі көшесінің тірлігі біткен бе? Сондай тірліктерім кеш бітпін, жұлдыздар жарықтан жасқанып, жоғала бастаған шақта жастығыма жантайған едім. Қанша ұйықтағанымды білмеймін, әйтеуір, азанда атамның айқайы мен жамылғымды жұлқа тартқаннан жан ұшыра атып тұрдым. Көзімді уқалай күштеп ашып, қабырғадағы секунд санап соққан сары сағатқа сығырайған көзіммен сығалай қарадым да, өзімнің екі-ақ сағат ұйықтағанымды ұқтым. Амал қайсы, атамның табалдырықты торуылдап жүретін ашуына алынғым келмей төсегімнен тұрдым да, есікті есіней ашып, есенгіреген қалпы далаға шықтым. Құдық басына барып, мотордан аққан мұздай суға әбден жуынып, үйге кірсем бәрі шай үстінде екен. Бір шетіне менде отыра кеттім. Түнде үйге түн аспаны түріле бастағанда келін, азанда айқаймен оятылған адамды кім жақтырсын, ешкім тіл қатпады. Өзімнің қателігімді біліп менде үнсізбін.

2 - Түнде қайда болдың? – азаннан бері маған қарата айтылған алғашқы сөз.

- Айдостың үйінде. (Қайда қаңғырсаң да қатып қалған қағидамен қайталанатын бір-ақ жауап – осы)

- Сен болмасаң өледі екен де сол Айдосың! Екі туып егізіңнің сыңары ма еді?

Осылай атам жақтан болашақ боранның басталарын білдіріп алғашқы ұшқындар ұша бастағанда, айналайын апам сөзге араласып:

- Балам есіктің алдын жинастырып, қыстан қалған күлді шығарып тастайық. Шайыңды ішіп ал! – деп атамның алапатының алдын алып үлгерді. Маған да қажеті осы, Шайымды ішер-ішпестен есікке екі аттап жеттім де, далаға шығып кең тыныстадым.

Есекті ерттеп, арбаны жегіп, қыстай үйден шығарылып, төбе болып үйілген «күл төбенің» жанына келдім. Қолым мен аяғым өзімдікі еместей. Ұйқының піспегені мен түнімен ауыл аспанына шаң көтеріп жаяу жүргенім қосылып келіп, денемді қорғасындай құрыстырып қимылдатар емес. Қалғып, мүлгіп екі күрек лақтырып, екі сағат дем алып жүріп, бір арба күлді шығарып келгеннен кейін бойым жазылып, түскі асқа шақырған жеңешемнің жағымды даусына дейін біраз бөлігін еңсеріп тастадым.

Түстен кейін бар күлді шығарып біттім де, енді тек майда-шүйде жұмыстар қалды деп ойлап едім, күтпеген кедергіге кез болдым. Жұмыстағы кедергі болса бір мәнісі болар-ау, адамдар арасындағы. Арбаны ағытып, есектің ерін алып жайғастырдым да, ескі ағаштарды жинастырып едім, апам:

- Досхан, бері келші, мына тоңазытқышты бастырмаға апарып қояйық, - деді. Үйге жаңа тоңазытқыш келгеннен бері абыройы түсіп, ығыса - ығыса сыртқа шығып қалған ескі тоңазытқышты не істейді екен деп бір сәт ойланып тұрдым да, апаммен сөз таластырғым келмей қасына бардым. Істен шыққанына көп жыл өтсе де, ағам үйленіп жеңешемнің артынан жаңа тоңазытқыш келгенше біздің үйдің бір үлкен мүлкіндей кеудесін керіп тұрар еді. Ал, қазір дымға жарамай иттің үйшігінің жанынан орын тепкен. Кеше ғана құлаған кеңестің көзіндей болып тұрған бұл экспонат та сол кеңестей қаусағалы тұр екен. Іштей аяп тұрдым да, апам екеуміз екі жағынан көтеріп бастырмаға апара жатыр едік, сыртта кір жайып жүрген жеңешем шыр ете қалды.

- Ойбай, оны не істейсіз?

- Бастырмаға апарып қоямыз.
- Неге? Істемейтін бұл иттің итаяғын қайтеміз, мама?
- Бастырмадағы заттарды салып қоюға қажет.

Апамдікі сылтау ғана. Әйтпесе бастырмада бұған салынатын затта жоқ. Мен Әңгімеге араласпадым.

- Ой, мама қойыңызшы тастай салайықшы. Досхан, бағана арбаға салып неге шығарып тастамадың?

- Е, неге шығарады екен? Артымнан келген дүнием. Алғашқы дүнием! Менің көзім кетпей тұрып көзім жоймақпысың? Шығармаймын!

Апамның көз алдынан жастығы жылт етіп өте шыққандай болды. Ол кісінің қартайғанын жүзіне қарап емес, артынан келген осы тоңазытқышына қарап-ақ аңғаруға болар еді. Алғаш үйленген жылдары айналдырған екі бөлмелі үйлеріне шошайып отырған екеуі және аз-маз ғана дүние-мүлік болатын. Сол дүниенің ішінде өзіне ең ыстығы, ауылдың бәріне таңсық, үйге кіргенде бірден көзге түсетін осы тоңазытқышы еді. Осы тоңазытқышы арқылы-ақ ауылдағы біраз әйелдер ішінде абыройы асқақ тартып тұратын. Ал, бүгін жағдайы мынау. Апамның осы тоңазытқышқа қарап жастық шағы, үйленген бал шақтары есіне түсер. Артынан келген дүниеден қалғаны осы. Басқаның бәрі быт-шығт. Дүние кезек деген осы екен-ау. Апам үшін бір кездері қол жетпес армандай еді, келіні үшін дымға жарамсыз итаяқ. Келініне жекіп ұрсып тастағысы келсе де, үйінің ұрыс шығарып берекесін алғысы келмеген. Шыны керек бұл тоңазытқышты мен де қимаймын. Бұл – менің де балалық шағымның белгісі ғой. Осы тоңазытқышты көрген сайын менен 2 жас үлкендігі бар көршінің кенже қызы көз алдымда көлбеңдейтін.

Таңертеннен кешке дейін бірге ойнап, бірде оның, біздің үйге қонып қалып жүре берер едік. Бір күні біздің үйдегі кезекті ойынымызда жасырынбақ ойнап жатқанбыз. Мен – іздедім, ол – тығылды. Үй ішіндегі тығылатын тасалар таныс болып қалса да, осы ойынымыздан жалықпаймыз. Көзімді жұмып тұрып, межелі санға дейін санадым да, үйреншікті жерлерді жағалай жүріп өттім. Таппадым. Шифонердің іші, пештің арты, столдың асты... Жер жұтқандай зым-зия. Ойын заңында далаға шығу жоқ болатын. Сондада далаға шығып кетпеді ме деп, даланы да бір шолып келіп, табалдырықтан аттай берсем, тоңазытқыш есігі өзінен-өзі ашылып, сандыққа жасырынып ұстайтын қызғаншақ диодың қызындай болып ішінен көршінің қызы қылмындай шығып келе жатқаны. Осынша уақыт бойы жасырынбақ ойнап жүріп, бос тұрған тоңазытқыш ішіне жасырыну ойыма да келмегеніне, аядай үйдің ішінен көршінің қызын табалмағаны ма ашуланғаным сонша, ол қызға айқайлағанымды сезбей де қалдым. Ал, ол менің айтқанымды елең де қылар емес. Өзін таба алмай қалғанына сонша мез. Сәлден кейін ашуым басылып, басқа амал болмай, бұртиюға көштім. Сөйлегеніне, ойнайық деген сөзіне өзімше мән бермеген болып, ренжіген реңмен теріс қарап отыра бердім. Қасымдағы қара қыз сол сәтте үнсіз қалып, еңкейе бере еріндерін бетіме тигізді де, бұрандай басып есікке беттеді. Оның сүйгені қанша нәзік болғанымен, орнымнан тұра алмастай етіп шегелеп кетті. Есімді жисам бөлмеде жалғыз отырмын.

Сол күннен бастап әншейінде есігін теуіп кіретін көршінің үйіне баруға ұялатынды шығардым. Апам жұмсаса есігінің сыртынан айқайлаймын. Екі үй де менің бұл ісіме қатты мән бермеген еді. «Балалардың сөзі жараспай қалған да!» - деген де қойған. Бірақ біз дәл сол кедей бал ма едік? Көршінің қызын қайдам, сол қызбен ойнауға үйден оқталып-ақ шығамын. Екі үй арасындағы есікке жете бергенде кеудемнен белгісіз бір күш итеріп тұрады. Амалсыз кері қайтам. Осылай үйдің есігі мен арадағы есіктің ортасында сандалып үш күн жүрдім.

Бүгін төртінші күн. Салдабасы шыққан ойыншығымды салдыратып аулада жүргенмін. Көршінің үйінің ошағынан тезектің түтіні көтеріліп жатыр екен. Анда-санда ашқылтым иісі келеді мұрынға. Шамасы нан көміп жатыр-ау. Сәлден кейін екі үй арасындағы есік ашылды да, қолында жаңа піскен бір үзім наны бар көршінің қызы көрінді. Байқамағансып, ойыншығымды шұқылап отыра бердім теріс қарап. Арқам мұздап бара жатты. Кеудем дауыл күнгі толқыған теңіздей толқиды кеп. Адам күткен кезде жай өте ме, жоқ әлде көршінің қызы сонша сылбыр ма, жақын-ақ жерден жанымға жету мүң болды. Ол келгенше менің кеудемдегі теңіз кемерінен әлденеше рет тасып төгілген еді. Әйтеуір жетті - ау қасыма. Қолындағы нанды маған ұстатып тұрып, көзіне түскен шаштарын қолымен құлағының артына қайырып тастап, сол қолымен күн сәулесінен көздерін көлегейлеп, күлімсіреп тұрады да:

- жүр, ойнайық! – деген.

Қарсыласқан да, келіскен де жоқпын. Үнсіз артынан ере бердім. Сырттай қарағанда бәрі бұрынғыша



сияқты. Бірақ тіптен олай емес. Ойынымыздың мазмұны өзгермегенімен менің басымдағы ой басқа. Мүмкін, оның да менікіндей шығар. Өз ойымның шетін шығарып бірге суға шомылайық деп едім, әншейінде менен бұрын суға сүңги кететін ол, мұрнын тыржитып, келіспеген сыңай танытты. Біз осылай алғаш рет бір-бірімізден ұялдық. Ол өзінің қыз екенін, мен өзімнің жігіт екенімді түсініп, тұңғыш рет бірге суға түсуден бас тарттық. Мені алғаш рет оның күлгін түсті көйлегі нендей байлықты жасырып тұрғаны қызықтырды. Бұрын талай рет бірге суға шомылсақ та көзіме түспеген, кеудемнің томпайғанын тұңғыш аңғардым. Және сол томпақ өзіне ерекше жарасатынын сезіндім. Бұл нәрселерді бізге ешкім түсіндірген жоқ. Біз өзіміз түсіндік. Әрине, біз мұнан кейін ойнамадық емес, ойнадық. Бірақ ойын да, ойналатын орын да өзгерген...

Қысқасы бұл тоңазытқыш – өздері кейіннен көшіп кеткен, менің алғашқы

махаббатым болмаса да, алғашқы қыз деп таныған көршінің кенже қызынан естелік пен менің балалық пәк ойларымның ең соңғы, ал апамның отбасылық өмірінің ең бастапқы баспалдағы.

4

Ене деген – ескілігін аңсаушы да, жеңге – жаңалықтың жаршысы. Жаңа нәрсе тұрғызу үшін, ескіні қирату қажет. Бұл тоңазытқыш төңірегінде ене мен келіннің ғана келіспеушілігі емес еді. Екеуінде кінәлауға болмайтын шығар. Бірақ апамның апамның айтқанын орындамағаны үшін жеңгемді сонша жек көріп тұрдым. Бұл дауылдың болып жатқанын көрсетсе де, көрмегенсіп өте шыққан, ағама да, өз әйеліне «қой» деп айта алмағаны үшін інім іші қыж - қыж қайнап жатты. Апам енелігі мен жасының үлкендігін ортаға салып жүріп, тоңазытқышын қызғыштай қорып, ақыры арашалап алып қалды. Ағам екеуіміз көтеріп апарып қалаған жеріне қойып бердік. Келіні түскелі бері қазан-ошақтың қасына көп бара бермейтін еді. Бірақ, бүгін өзі ошаққа от жағып, су ысытып, сол сумен өз тоңазытқышын жуып-шайып жатты. Бастырмаға қарама-қарсы қойылған тапшан үстінде, жаңа ғана қойларды жайғап келген атам аяқ астынан пысықтығы ұстап кеткен кемпіріне көзі сығырайта күлімсіреп, қарады да отырды. Есіне не түсті екен?...

Өз жұмысымен әуестенін кеткені сонша, апам кешкі асқа кешігіп келді. «Біссімілләсін» аузына алып, жеңгем құйған шайға қолын соза беріп:

- Сенде енге атанарсың. Иттің жасына сенде жетерсің, - деді де ренжіген сыңаймен теріс қарап алып, шайын ұрттай берді. Бетіне түскен әжімдер құлағына қарай жиі-жиі жиырылады. Күлімсіреп отырғаны ма? Жоқ жылап отыр ма?. Есіне не түсті екен?

Ауыл тынышталған. Автобус айдайтын Сақан да, белгісіз бір әннің әуеніне салып ыңылдап ағаш жонып отыратын Қоқан да жоқ. Тек баяғы Байғасқа ғана өз үйшігінің жанында сол баяғы қу сүйекті қармана түсін ауық-ауық үріп қояды.

Дымға жарамсыз оны несіне қызғанады десеңші?...

Жаксылык МҰРАТБЕК  
«Кинотеледраматургия» 1 курс

# Бұл өмірде әр адамға өзінің сүйікті ісімен айналысуға толық мүмкіндік бар



- Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті атанбай тұрып, «Қарақат мектеп студиясында» дәріс алған екенсіз. Ол жерге қалай қабылдандыңыз және ол жердегі өнер адамдарын дайындау тәсілі қандай екен?

- Иә, дұрыс айтасыз. Мен осы жылы Қарақат мектеп студиясын тәмамдадым. Ал, осы өнер университетіне осыдан бір жыл бұрын түскен болатынымын. Қарақат мектеп студиясы менің өнер адамы болып қалыптасуыма зор үлес қосты. Ол студияны әрқашан сағынышпен еске аламын! Қатты қиналып жүрген сол кезеңдерде алғаш рет қанатының астына алып, өнерге баулыған ортам... Ол жерде әр адамға индивидуальді түрде, яғни әр студентке тән өзіндік ерекшелігіне сай білім беріледі. Сол жерден алған азды-көпті білімім мен тәжірибемнің арқасында, мен қазіргі оқып жүрген өнер ордама бірден сіңісіп кеттім десем болады. Бірақ, әрине ештеңе оп-оңай келе қоймайды. Оған дейін қаншама

жерлерге бардым, бірінің үйрету тәсілі ұнамаса, кейбіреуі менің арбада отыратынымды дұрыс қабылдамады... Алайда адамның білсем, көрсем, үйренсем деген талабы болса кез келген білім ордасында өзін жетілдірері хақ. Екі өнер орталығы білім беретін ұстаздардың біліктілігі, алдарына қойған міндеттері жағынан ұқсас. Бір сөзбен айтар болсам, екеуінің де илейтіні бір терінің пұшпағы!

- Өзіңіз жаңа айтып кеткендей «Қарақат мектеп студиясы» сіздің қазіргі кезеңде білім алып жатқан университетіңіздің алғашқы баспалдағы екен. Ендіне осында оқуға түскенде ұстаздар немесе басшылық тарапынан қандай да бір жеңілдіктер жасалды ма?

- Оқуға тапсырмас бұрын бір жыл дайындық курсынан өттім. Өзіңіз білетіндей ол курс әрине ақылы түрде. Жағдайға байланысты ректорға хат жазып едім, мені 50% жеңілдікпен оқытты. Былайша айтқанда сөз жүзінде 2-курс студенті болғаныммен іс жүзінде 3-курс студентімін (күліп). Жоғарыда айтып кеткенімдей, біздің ұстаздарымыз, басшыларымыз шынайы ниетпен келген адамның бетін қақпайды. Тек олар артқан үмітті ақтай білсек болғаны.

- Біраз жыл бұрын Астанамызда өткен «Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз» байқауына қатысып бірінші орынды иеленген екенсіз, бүгінгі таңда да көптеген байқауларда кіл мықтылармен иық тірестірін, жеңімпаз атанып келесіз. Осындай дүбірлі додалардың ішінде тәтті естеліктері әлі күнге дейін езу тартқызып, тәжірибе жиюыңызға сеп болған конкурсты атай аласыз ба?

- Менің ойымша өнер адамы үшін әр байқау - үлкен мектеп. Осы «Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз» байқауы менің өмірімдегі ең алғашқы үлкен сахнаны көрсеткен, өнердің киесін үнсіз ұқтырып, дара тұлғалармен таныстарған конкурс болды. Әрине, конкурсқа қатысқан сайын шыңдалып отырарсың, бір жіберген қателігінді екінші жолы қайталамауың керек. Қазір қарап отырсам, сол кездегі қорқу, толқу сияқты басымнан өткен неше түрлі сезімдер сағынышқа айналғандай. Бұрындары ғаламтор арқылы көптеген байқауларды іздеп, қатысып, өз мүмкіндігімді бағалайтынмын. Ал, қазіргі кезде сондай конкурстар азайып кетті ме, әлде өзім ізденбегендіктен бе, көп жағдайда тысқары қалып жатқан сияқтымын. Соңғы рет қатысқан байқауым, жақында өткен «Астана Дарыны 2017» болатын.

- Осы жылы елімізде өткен EXPO-2017 көрмесі аясында құрылған «Жастар Энергиясы» лагерінде өнер көрсеткен екенсіз. Арнайы шақыртумен бардыңыз ба? Әлде ерікті (волонтер) ретінде қатыстыңыз ба?

- Осы лагерь ұйымдастырушылары, Астана қаласынан ең белсенді, ең талантты жастарды әр университеттерден таңдап алып, шамамен 200 ден асатын үлкен жастар тобын құрады. Сол топ ішіне енгеніме, қаншама талантты қатарластарыммен таныс болғанымға өте қатты қуандым. Әсіресе, сол жерде жүріп елімізге белгілі Динара Сатжан, Санди Сұлтан сияқты көптеген тұлғалармен тілдесуге мүмкіндік алдым. Олар өздерінің жетістікке жету жолдарын, қиыншылықтарды қалай жеңгенін айтып өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Санди Сұлтанға өзімнің арманымды айтып, осы жылы ол кісінің телелaborаториясында 2 ай көлемінде өткізілген дәрісіне қатысып, арнайы сертификат алдым. Себебі бала кезімнен бергі арманым-радиожурналисті болу еді, ал осы «Жастар Энергиясы» лагерінде жүріп сол арманымға бір табан жақындадым!

- Жаңа өзіңіз айтып кеткен Санди Сұлтан, Динара Сатжан сияқты тұлғалардан басқа талантыңызды шыңдап, өнерге баулып жүрген ұстаздарыңыздан кімдерді ерекше атап өтер едіңіз?

- Мені үлкен сахнаға жетелеп шығарған алғашқы ұстазым Қарақат Әбілдина. Ол кісіге деген алғысым шексіз. Ал, Университетке келгенде бар білімін бойыма дарытып жүрген Майра Тұрлыбекқызын ерекше құрметтеймін. Ол кісіні ең алдымен мықты педагог деп айтар едім, кейде қатты ұрсып та, тіпті жылатып та жіберетін кездері болған (күліп). Алайда, ұрысқан сайын ысыла түсетінімді ұқтым. Майра апайымнан әлі күнге дейін ақыл-кеңес алып, консультацияларына қатысып тұрамын. Ал, дәл қазіргі уақытта Ысқақова Жеңіс апайдың шәкіртімін. Одан өзге Бағдат Сәмедина, Сембек Жұмағалиев сынды талантты ұстаздардан тәлім алып жүрмін. Әр ұстазымның менің өнер жолымдағы алар орны ерекше. Ол кісілерге деген алғысым шексіз.

- Өнер адамы үшін үлгі тұтарлық тұлғаның болуы шарт, бірақ үлгі тұту еліктеуге айналып кетпеуі керек сияқты. Бұл жөнінде сіздің пікіріңіз қандай?

- Иә, өте дұрыс айтасыз! Мен өзіме өнерде жүрген шынайы таланты бар аға-әпкелерімнен иненің жасуындай болсын бір ерекшелігін алып қалуға, соны өзімше дамытып, табиғатыма икемдеуге тырысамын. Меніңше оның еш жамандығы жоқ. Мысалы бірінің дауысын, бірінің имиджін ұнатамыз да, өзімізді сол деңгейге жету үшін қамшылаймыз. Бірақ оның барлығы уақытша дүние. Уақыт өте келе өз-өзінді танысың, ерекше қабілеттеріңді байқап, оны дамытасың. Себебі әрбір адамның дара жолы болуы тиіс. Бұл әсіресе өнер адамдарына ең керекті ерекшелік. Үлгі тұтатын әншілерім деп, Маржан Арапбаеваны, Қарақат апайымды, Мадина Садуақасова, Жанар Дугаловаларды айта аламын. Ал, Қайрат Нұртаспен бір сахнада тұрып ән айту қаншама жылдан бері келе жатқан армандарымның бірі.

- Пенде болған соң өзіміздегі барға шүкір, жоққа сабыр ете алмай жатамыз... Осындай өз өмірінің мәнін кетіріп жүрген адамдарға қандай кеңес айтар едіңіз?

- Бұл өмірдегі ең басты байлық - ДЕНСАУЛЫҚ. Жақындарыңның амандығы, болашағына деген сенім.. өз басымда ондай кездер өте көп бөлді. Сондай келеңсіз жағдайлардан мені алып шығатын өнерім бар. Иә, қатты қиналғаннан көзіме еріксіз жас келіп, рухани сынып кететін сәттерім аз емес. Бәріне қолымды бір сілтегім келген кездері де болды. «Неге мен қайтуым керек? Неге орта жолда қалуға тиіспін? Жоқ, осы деңгейіме жету үшін қаншама қиындық көрдім. Артқа тартуға құқығым жоқ!» деп өз-өзімді қамшылай түсемін. Қандай жағдай болмасын қасымнан табылатын анам бар. Бұл өмірде әр адамға өзінің сүйікті ісімен айналысуға толық мүмкіндік бар екенін түсіндім. Кітап оқысын, білім алсын, тарихты зерттесін. Жаны нені қалайды соны жасасын. Кейбір он екі мүшесі сау адамдар арақ-шарапқа әуестеніп, ата-анасын жерге қаратады. Өлшеніп берген аз ғана өмірін өз





қолымен пайдасыз іске жұмсайды. Сондай адамдарды көріп, «Шіркін, мен де осылай өз аяғыммен жүріп жүрсем ғой. Бәрін басқаша жасар едім! Шетелге барып білім алар едім...» деп сол адамның орнына өзімді қойып көруге тырысамын. Әттен, ондай адамдарды түсіне алмаймын...

- Сіз сияқты өмірге ғайық адамның армандары көп болуы заңдылық. Сондай асқақ армандарың туралы бір ауыз сөз.

- Ең үлкен арманым-денсаулығым. Ешқашан ауырмасам екен, ата-анам әрдайым қасымда желеп-жебеп жүре берсе екен. Осы ортада да алып жатқан білімім жерде қалмаса екен. Жұлдызым жанып кетсе екен деп армандаймын. Жеке әндер жазғым келеді. Жеке тындармандарым болса екен деймін. Бұл айтылғандар тек бір сыпырасы ғана. Ал, арманды тек ауызбен айтып отырғаннан гөрі, алға ұмтылып жұмыс жасап, тек нәтижесін көрсеткенді дұрыс деп санаймын.

- Өте орынды! Ойға алған армандарыңыз жүзеге аса берсін. Өнердің биік шыңынан көрінуіңізге тілектеспін!

*Кейінкерім Алтыншаш Мукатаевамен сұхбат барысында, өнер ордамызда осындай талантты, нағыз ізденімпаз әрі адамгершілігі өз алдына бір төбе студенттің бар екеніне іштей қуанып отырдым. Армандары жайлы сөз қозғазғанымда, ҚазҰОУ келгеннен бері «Шабьт» журналына шығуды армандағанын айтты. Маған алғыс білдірмек болып, көтеріңкі көңіл-күйімен «Сұхбат алғаныңызға, тағы да бір арманымның орындалуына үлес қосқаныңызға көп рахмет!» -деп өз лебізін білдірді. Халқымыз «Ұлық болсаң, кішік бөл» деп бекер айтпаса керек-ті!*

Рухия БАҚЫТБЕК  
«Театртану» мамандығы 1 курс



## Краткая информация о творческом центре «Шабыт»



Өтебай Елдар Ерланұлы, родился 31 марта 1996 года, в селе Узынагаш, Жамбылского района, Алматинской области. В 2016 году поступил в Казахский национальный университет искусств на специальность «Арт-менеджмент». На данный момент является студентом 2 курса.

С целью получения практических навыков в выбранной профессии, а также формирования материально-технической базы необходимой для реализации его авторских арт-проектов, в феврале 2017 года, зарегистрировавшись как индивидуальный предприниматель, открыл творческий центр «Шабыт», одним из видов деятельности которого является обучение детей дошкольного и школьного возраста игре на музыкальных инструментах, пению, актерскому мастерству, живописи, скульптуре, декоративно-прикладному искусству и др.

Главным отличием творческого центра «Шабыт» является то, что все преподаватели которые там работают – студенты КазНУИ. В связи с экономическим кризисом не только в нашей стране, но и во всем мире, найти работу для студентов, особенно в учебный период, стало очень проблематично. Учитывая данный фактор, Өтебай Елдар Ерланұлы создал в своем центре все условия, для того что бы студенты могли не только зарабатывать в свободное от учебы время, но и пройти практику в педагогической деятельности. На данный момент в творческой школе «Шабыт» работают 18 студентов КазНУИ.

01 декабря 2017 года, директор творческого центра «Шабыт», студент 2 курса КазНУИ - Өтебай Елдар Ерланұлы стал победителем в номинации «молодой предприниматель» молодежной премии «Астана Дарыны 2017». Среди победителей были Димаш Кудайбергенов, Жұлдыз Абдукаримова (супруга Кайрата Нуртаса), КВН «Жайдарман» и т.д.



«Шабыт» шығармашылық орталығы 2017 жылдың ақпан айында ресми түрде өз жұмысын бастады. Орталықтың негізгі мақсаты - балалар мен жасөспірімдерді шығармашылыққа баулу, талапты балаларға кәсіби тұрғыда үлес қосып, серпін беру. Орталықта тек балалармен жасөспірімдерге арналған түрлі бағыттағы жобалар жүзеге асырылып жатыр. Оның бірі - 2017 жылдың қыркүйек айында ашылған «Шабыт» өнер мектебі.

Бұл шығармашылық өнер ордасында фортепиано, гитара, домбыра, жетіген, ән айту, кескіндеме, қолөнер, мүсіндеме, актерлік шеберлік, хореография мамандықтары бойынша балаларға білім беріліп жатыр. Бұл мектептің басты ерекшелігі – барлық ұстаздар Қазақ ұлттық өнер университетінің шығармашылық орталығының директоры – Өтебай Эльдар Ерланұлының негізгі мақсаты - студенттерді оқу процесімен қатар ұстаз ретінде тәжірибемен шыңдау болатын.

Өтебай Эльдар Ерланұлы студенттерге сабақтан тыс уақытта жұмыс істеп, педагогикалық тәжірибе жинауға қолайлы жағдайлар жасауда. Ол өзі де Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті болғандықтан, студенттердің жұмысқа орналасу барысындағы қиындықтар мен проблемаларын жақсы біледі. Ұстаздық ету – студент мұғалімдердің тынысын ашып, жаңаша ізденуге мол мүмкіндіктер беріп жатыр деп айтуға толық негіз бар.

Қазіргі уақытта «Шабыт» шығармашылық орталығында **18 студент еңбек етіп келеді және 150 бала білім алуда.** 2017 жылғы қараша айының 15 күні, Қазақ ұлттық өнер университетінің Жамбыл Жабаев атындағы концерт залында «Шабыт» өнер мектебі оқушыларының презентациялық және есеп беру концерті өтті. Бұл іс-шара Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры, профессор, Қазақстан Республикасының халық әртісі – Мусахаджаева Айман Қожабекқызының қолдауымен өтті. Бұл концертте ұстаздық етіп жүрген студенттер оқушыларының жетістіктері арқылы өздерінің білімдері мен біліктілігін көрсетіп, ата-аналар мен барша көрермендерге – жас мамандарға, яғни студенттерге сенім артуға болатындығын дәлелдеді. Елбасымыз айтқандай «Болашақ білікті де білімді жастардың қолында!»

Құрметпен, «Шабыт» өнер мектебі

## Еңлік боп алғашқы рет көзге түскен



Дәлилә Қаракбайқызы Оңғарбаева - Қарағанды облысы, Қарқаралы жерінде дүниеге келген. Қазақтың тұңғыш театрын қалыптастыруға атсалысқан алғашқы актрисалардың бірі.

Қарт Қарқаралыда Қаракбай атты орта шаруалы ел ағасы өмірден өткен. Бұл кісінің мінезі де, тұрмысы да, өмірге көзқарасы да сол кездегі ауыл тұрғындарынан өзгеше болған екен. Соның бір дәлелі Қаракбайдың аудан орталығынан үзбей газет-журналдар алғызып, жаңалықтарды оқып, біліп, бақылап отыратындығы. Өзі ел арасында танымал қоңыр дауысты әнші. Домбыраның құлағында ойнайтын күйші де болған деседі. Қаракбайдың өнерге, мәдениетке деген осындай орасан ықыласы балаларына берілмеуі мүмкін бе? Қаракбайдың Дәлилә мен Хабиба атты қыздары өнерге ерекше бейім болып өскен. Қаракбайдың Хабибасы өзінің естелік кітабында: «Әкеміз өзі оқыған кітаптарын бізге де оқытатын. Ж.Шаниннің «Арқалық батырын» басқа да жазушылардың бір әктілі пьесаларын бала күнімде оқығаным есімде» - деп әкесін еске алады.

Қаракбайдың ұл балалары бірінен соң бірі жастай өле берген соң, үлкен қызы Күләндесін ұзатып, қолындағы үш қызын, яғни Дәлилә, Харира, Хабибасын жиын-тойларға өзімен бірге алып барып, ән салғызып, түрлі өнерлерін көрсетіп жүрген Қаракбайдың негізгі мақсаты қыздарын өнерге баулу болса, екінші жағынан бұйығы, жасқаншақ болып өспесін деген мақсаты болады.

Ғасыр жасаған театр актрисасы Хабиба Қаракбайқызы Елебекова жоғарыдағы естелігінде: «1927 жылы жазғытұрым Қызылордадан бір хат алдык. Хатты жазған Дәлиләннің күйеуі Құсайын екен. Біз бәріміз әкеміздің айналасына жиылып хаттың сөзін тыңдауға ынтықтық. Хаттың басына «Сүйінші» деп үлкен ғып жазып қойыпты. Біз ентелеп әкемізге қараудамыз. Әкем хатты оқи бастады. Қысқаша амандықты білдіріпті де, «Қареке, Дәлилән қазақ қызының көрмеген жақсылығына бөленді. Бүкілодақтық Советтер съезіне арналған концертке шығуға Москваға жүріні кетті» деп жазыпты. Әкем:

- Бәйбіше, жаса тойыңды! Шақыр ауыл адамдарын. Сойғыз ана Құрбан Айтыңа байлаған бордақыңды. Нағыз айт бүгін. Дәлилән Москва қаласында өтетін үлкен жиын ән салуға кетті. Кішкентайынан өнерге, әншілікке баулыған еңбегім зая кетпепті. Қазір мен

өмірде көрмеген қуанышымды көріп, бұл фәниден күткен үмітім ақталғандай болып отыр, - деп қатты толқып, көзі үлкейе жасаурап отырып қалды» - деп жазады.

1927 жылы Мәскеудің Үлкен театрында домбырамен ән салған тұңғыш қазақ қызы осы — Дәлилә апамыз. Өзі әнші, өнерлі Дәлилә журналшы болып та қызмет етеді. Өлең жазатын ақындығы болған екен. Ұлдары бірінен соң бірі қайтыс бола берген соң әкесі Қаракбай Дәлиләні ұл балаша еркін өсіріпті. Дәлилә құс салып, аң аулап, әкесіне үнемі атқосшы болып жүреді.

Қазақ өлкесіне жат театр атты кемеңгер өнерді ол уақыттағы халық түсіне бермеген. Тіпті үрке караған. Осындай алмағайып кезеңде театрдың уығын қаласып, алғашқы болып сахнаға шығып өнер толғаған қазақ қыздарының бірі Дәлилә болатын. Қазақтың тұңғыш театры ашылатын болып, әр өңірден өнерпаздарды шақырады. Қаракбайдың өнерлі һәм талантты қызы Дәлилә да ұлт театрын қалыптастыру үшін Қызылорда шаһарына аттанады. Ашылып жатқан театрға көбінесе Арканың өнерпаздары алынады. Оңтүстіктен тек Құрманбек Жандарбеков қана ұлт театрын құрысуға келген екен. Осы жерде тағы да Хабиба Елебекованың естелігіне жүгінсек былай дейді: «Театрдың қырық жылдық тойына арнап жазған өлеңінде, атакты акын Асқар Токмағамбетов алғашқы қарлығаштардың бірінші ойнаған рөлдерін халыққа таныстырғанда:

*Еңлік боп алғашқы рет көзге түскен,*

*Жас қыршын, Қаракбайдың Дәлиләсі, —*

дейді. Сөзсіз шындық. Дәлилә Еңлік рөлін алғашқылардың бірі болып ойнаған еді». Қазақ театр тарихында тұңғыш рет «Еңлік-Кебек» трагедиясында Еңлікті кейіптеген Дәлилә Оңғарбаева болып аталуы я насихатталуы тиіс.

Сондай-ақ Хабиба Елебекова актер Серке Қожамқұловтың Дәлилә жайында айтқан әңгімесін еске алады. Қожамқұлов онда былай деп сыр шертеді: «1927 жылы ақпан айында Ташкентке жаңадан ашылған қазақ театрының труппасын шақыртады. Он бес күндей ойын беріп, концерт қояды. Бұл сапарда Дәлилә «Арқалық батырда» - қалмақ ханының қызы Бикешті, «Қарагөзде» - Қарагөздің жеңгесі Ақбаланы ойнады. Әрбір қойылған концерттің бәрінде ән салып, көрермен жұрттың құрметіне бөленді».

Дәлиләнің ері Құсайын Оңғарбаев та алғашқы қазақ театрының актері. Дәлилә тұңғыш Еңлікті ойнаса, Құсайын Кебекті кескіндеген. Мұздыбайдың Құсайыны Аркада жүргенде Дәлиләні бір көргеннен ұнатып қалады. Дәлилә да Құсайындай сауатты, көзі ашық жігітті жақын тартаты. Осы жерде белгілі зерттеуші Тұрсын Жұртбай мен Хабиба Елебекованың арасында өрбіген сол әңгімені жазып алған журналист Таңсұлу Алдабергенқызының «Түркістан» газетінде шыққан сұхбатты-мақаласына жүгінсек біраз мәліметке қанығамыз. Аталмыш сұхбатта Хабиба Елебекова: «Қай заманда да тосқауыл болған атастырып, қалыңмалын алдына салып жүретін қазақтың салт-дәстүрі бұлардың да (Құсайын мен Дәлиләнің) алдынан шығады. Өйткені, шашты Сыпатай деген байдың қайтыс болған ағасының жалғыз ұлына Дәлиләні атастырып, қалыңмалын беріп қойған екен. Ал, атастырылған соң сол әулеттің жесірі болып саналатын ғұрып тағы бар. Ама! жоқ, екеуі хат арқылы хабарласып, бір-біріне ғашықтық сезімдерін білдіріп, сырттай ғана сырласып жүрсе де, «ел құлағы – елу» деген, екеуінің махаббат сезімдері жайлы әңгімелер ел ішінде еміс-еміс естіліп қалып жатады. Екі жастың құштарлығы жайлы сөз тарап кетеді де, ол әлгі байдың әулетіне де жетеді. Содан қыздан айырылып қалмау үшін, тезірек келіндерін түсіріп алу үшін қайтадан сөз салады. Ол кезде «қол ұстасар» деген той болады екен. Ауылды дүрліктірмейін дей ме, әйтеуір олар кешті келесі бір ауылға ұйымдастырады. Ауыл үлкендері қараша үйде отырады да, жастарға қалың қарды тазалатып, сегіз қанат үй тіз қанат үй тігеді. Әрине, жоқшылық заман – жарығы ілмиген майшамды бірнеше жерден қоюға тағы да қол қысқа, жалғыз шамның жарығы не болсын?! Осылай қара көлеңке үйде ән салынып, жігіттер мен қыздар қолдарына кезек-кезек домбыра ұстап, мәре-сәре болып отырады. Ал, Дәлиләнің бар ойы – Құсайында. Бір мезгілдерде жақын жеңгесімен сыртқа шыққан ол сырлас, мұңдас, өзі сенетін Дәулетбай деген немере інісін шақыртып алады да: «Шеш киімді, екеуіміз ауысамыз» дейді. Әпкесінің сырына қанық бозбала бір сөзге келмей шешіне бастайды. Ол да әдемі, бойшаң сұлу, қыз сияқты нәзік екен. У-шу саябырсыған кезде пысықтау бір жігіт: «Осы Дәлиләнің үні шықпай қалды, даусын естімедік қой. Осы отырған Дәлилә емес-ау», - деп қалыңдықтың қасына келеді. «Иә, Дәлилә емеспін», - деп Дәулетбай басындағы құндыз бөркін жұлып алады. Ел дүрлігіп кетеді. Ал қыз болса ауылға қашып келеді. Өзінің қасқа ат деген тұлпарына мініп, ауылдағы ең сыйлы, ең елеусіз Жолдасбай деген қарияның үйіне келіп тығылады. Таң атқасын Құсайынмен қашып кетпекші болады. Ол заманда қазақ қыздарының тағдырына енді-енді араласа бастаған «Қызыл отау» деген сот ұйымдастырылған, ауыл милициясы арқылы соған жүгінеді. Құдалар тым-тырақай қаша жөнеледі. Бірақ қалыңға кеткен малдарын ойлап, іштерінен күйіне бастайды» - деп баяндайды.

Осынау Дәлиләнің басынан өткен аласапыранның кейін әкесі Қаракбай еркін өскен ерке қызына «сүйгенің Құсайын болса, бердім батамды. Бағың ашылсын» деп батасын береді. Әкесінің алдынан өткен Дәлилә Құсайынға «Сені шын сүйемін. Бірақ әкем кедей болғандықтан, аналардан алған қалыңды қайтара алмайды» деп астарлап хат жолдайды. Сүйгені үшін бәріне дайын Құсайын бүкіл қалыңмалын төлеп беріп, Дәлиләні мәңгілік жары етіп алады. Мәңгілікке бақытты боламыз деп серттескен қос

ғашықтың бакыттарының келте болып калғанын тағдырдың жазуынан көреміз де... Қызылордада театрда қызметте жүрген Дәлилә туған жеріне қайтуға амалсыз мәжбүр болады. Себебі Дәлиләға Қызылорданың ауасы жақпай, дәрігерлердің көмегіне жиі зәру болып жүреді. Бұл сәтте Дәлиләнің күйеуі Құсайын Оңғарбаевқа қатты қиын болады. Ол Дәлиләнің жалғыз өзін жіберуге қакысы жоқ. Сонау арка жерінен кол ұстасып келген екі жас шарасыздықтан туған елге қайтады. Өнер үшін туған жандар өнерден кол үзбей, елге келгенде ауылдағы көркемөнерпаздар үйірмесіне қызметке кіреді.

Кейін ұжымдастыру жылдары Құсайынның отбасы кәмпескенің қырына ілініп, түгелдей ұсталып кетеді. Ал Құсайын мен Дәлиләні Мәскеуде болғанда, Ленин мөвзелейінде түскен суреті құтқарып қалады.

Хабиба Елебекова Дәлиләнің Қызылорда қаласынан келгендегі жағдайын былайша әңгімелейді: «Ауылға келген соң Дәлилә қалған ғұмырының талшығындай театрдағы өткізген кезін ылғи да айтып отырушы еді. «Біржан-Сара» айтысын қойдық. Біржан болып Иса акын ойнады. Шіркін, Иса Біржанның әсерлі үнін, шабытын айнытпай көз алдына әкелетін еді. Кейде өлең сөздерінен жаңылып қалса, оған тоқтайтын Иса жоқ. Өз бойындағы акындық шабытпен өлең сөздерін ары қарай жалғастыра алып кете беретін» деп біздің көз алдымызға келтіріп, әсерлендіре айтып беретін еді. Болмаса Мәскеуге барғанын, концерт соңында РСФСР халық ағарту комиссары Луначарский әйелімен келіп, бұларды құттықтағанын, Дәлиләнің қолын алып: «Сонау түкпірде жатқан қазақ елінің ішінен шығып, өнерге алғаш қадам басқан қазақ қыздарының бірісіз. Артыңыздан Сіздей талантты, қыздар көбейе берсін» деген сөздерін еске алғанда Дәлиләнің көзі жасаурап отырып қалушы еді».

Жазушы Тұрсын Жұртбай «жаппай аштық кезінде Дәлилә жетекке еретіндерін ертіп, Кемероваға (Ресей жеріне) келгенде Құсайын қайда болды деп сұрақ қояды. Бұл сауалға Хабиба апамыздың жауабы мынадай: « - Құсайын да сонда болған. Ашаршылық басталғанда жан-жақтағылар елге оралмай ма, сонда Құсайын Қарағандыға қайтып келген. Яғни Дәлилә қайтыс болғаннан кейін елге қайтады. Кейін Құсайынды көрдім, әңгімелестім. Ол марқұм бертін қайтыс болды. Мен өзі жастау кезімде тұйықтау, көп нәрсеге мән бермейтін, көп сөйлемейтін, тіпті, мақаулау болдым-ау. Ал, кейіннен, жасым ұлғайған сайын артымдағыларға білгенімді айтып кетейін деп мақсат қойдым. Дәлиләнің тағдыры соңғы жылдары көкейімнен кетпей қойды».

Мәскеуде алғаш домбырамен ән салған, Еңлікті тұңғыш кескіндеген Дәлилә Қаракбайқызы Оңғарбаеваның бейнесін ұрпақ жадында қалдыру, ұлықтау басты міндеттіміз.

Әсет АҚМОЛДА  
«Театртану» мамандығы 3 курс



## Өтіріктің пайдасы

Алты шахтер шахтада жұмыс істеп жатады. Бір уақта жарылыс болып, жерасты жолы жабылып қалады. Алтауы бір-біріне қарайды. Енді не істей аламыз деп ойласады. Алтауы да бұрыннан істеп келе жатқан кәнігі шахтерлар. Бұлардың жолын тазалап аршуға шамамен канша уақыт кететінін есептейді. Өздеріне тірі қалу үшін тар қапастағы ауа неше сағатқа жететінін де шамалайды. Егер құтқарушылар жылдам қимылдаса, бұларды үш сағатқа құтаруы тиіс. Мұндағы оттегі де үш сағатқа жетер-жетпес. Үш сағатта ар жақтағылар бұлардың жолын тазалап үлгере ме екен? Оттегі біткенше үміт бар.

Ауаны өте үнемді пайдаланайық деп келіседі. Бәрі шамдарын сөндіріп, жерге отырады. Қараңғыда тапжылмай отыру оңай емес. Енді бәрі сағат санауға көшеді. Араларында сағаты бар бір ғана адам бар боп шықты.

«Сағат неше?», «қанша минут өтті?», «қазір қанша болды?» деген сансыз сұрақ үсті-үстіне қойыла берді. Уақыт тапжылмай бір орында тұрғандай. Бұлай сұрақ толастамаса ауа көп кететінін ескерген сағаты бар адам енді қулыққа көшеді. Артық сұрақ қоймас үшін жарты сағат сайын уақытты айтып отыратын боп келісті.

Алғашқы жарты сағат болғанда, ол «жарты сағат өтті» дейді. Қалғандары өзара сыбырласып жатады. Ауада беймазалық сезіледі. Ауысымның бастығы қолындағы сағатына қарап көпе-көрінеу өтірік айта бастайды. Егер осылай алдамаса, жанындағылар үрейден өліп кетер деп топшылайды. Өйткені, жарты сағат деген сайын олардың ажалы таяп келе жатқанын бәрі де түсініп отыр. Басқаларының өмірін ұзартайын деп ендігі жарты сағат дегенді тек 45 минуттан соң кейін барып айтады. Өзгесі бұған кәміл сенеді. Ешкімде сағат болмағандықтан сенбеске амалдары да жоқ еді.

Сағаттың иесі алдағанына қанаттанып келесі жарты сағатты тек бір сағаттан соң ескертеді. Қалған бесеуі тағы сенеді. Не деген ұзақ минуттар деп күңкілдейді. Небәрі бір жарым сағат өтті деп ойлайды. Әлі уақытымыз бар деп сенеді. Шын мәнінде екі сағат он бес минут өткен еді. Сағаты бар адам келесі жарты сағатты тағы да бір сағаттан соң айтады. Құтқарушылар шахтерларды құтқаруға барын салып, жолды аршып келе жатады. Әр минут қымбат екенін олар да жақсы білді. Құтқарушылар шахтерларды төрт жарым сағаттан соң әрең аршып алды. Алтаудың бесеуі аман-есен, тірі екен. Қолында сағаты бар адам ғана ауа жетпей, тынысы тарылып, ажал құшыпты...

Аударған: Шынар ӘБІЛДӘ



## Қыз Жібек Төлегенінен айырылды



Жарық дүниедегі тағдыр өлшеп берген ғұмырын ешкімнің көзіне елден ерек түспей-ақ, бір қалыпты өткізе жүріп, артына айтарлықтай із қалдыратын "қоңыр" тіршілік иелері болады. Бірақ одан халыққа, қоғамға сіңірген еңбегі, абырой-беделі төмендеп қалмайды, керісінше дәмдес-тұздас, қызметтес, сыйлас болғандардың жадында сақталып, кісілік келбет, ерекше қасиеттері, жақсы қырлары жаңғырып биіктей түседі. Сондай ардақты жандардың бірі де бірегейі «келместің кемесіне мініп» бақилық болған, жүрегі ашық, жаны таза, елге сүйкімді, досқа қалтқысыз адал, ұлттық театр мен кино өнерінің аспанында қырандай қалықтаған арда азамат, Қазақстанның халық артисі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Құман Тастанбеков еді. Өнерде де, өмірде де «шынайы махаббаттың қос шынарына» айналған Қыз Жібек - Төлегенінен, Меруерт- Құманынан, аққу- сыңарынан, казак - өнер көгінде қалықтаған Қыранынан айырылды. Қазақ театр өнерінің бетке ұстар мақтанышы, ақылшысы болған тұлға ұзын жолдың өрінде, азамат бабында тұрған шағында өмірден озды...

Болашақ өткеннен бастау алып, бүгінімен жалғасады. Өткенді білмей жақсысын кәдеге асырмай болашаққа бағыт алу мүмкін емес. Өткендер «Естуің болмаса да ескің болсын» деп бекер айтпаса керек. Сондай көне көз, құйма құлақ Құман ағайдың көзін көріп, сол кісілермен бірге жүрген адамдармен дәмдес болып, әңгімелерін тындау бақытына ие болғаным үшін тағдырыма ризамын. Бір кезде Төлеген болып бүкіл қазағын бақытқа бөлеген Құман ағайдың махаббат пен сағынышқа, мейірім мен тап-таза сезімге толы жүрегі тоқтады деген қайғылы хабарды естігеімде, көзімнен жас тоқтамады.

«Егер өлгендер тірілердің жүрегінен орын ала алмаған болса, онда оның шынымен-ақ өлгені» деген бір зиялының сөзін оқып отырып, Құман ағайдың қаралы жиынында, басқа да кәделерінде бүкіл қазақ жұрты қайғырып, рухына арнап құран бағыштаушылардың көптігіне көзіміз жетті. Меруерт апайымыз Құман ағайдай аяулы жарын, асыл азаматын қара орман жұртының жүрегінен, ақтарыла айтқан ақ жарма тілегінен күнде көріп, күнде еститін болады.

«Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өшпейтұғын артына із қалдырған», - деген осы да. Алла тағала жұмақтың төрінен орын берін, рухы пейіште шалқысын. Артында қалған жарына, бала-шағасына, бауырларына берекелі өмір берсін.

**Айымнұр СӘНДІБАЙҚЫЗЫ**  
«Драма театр актері» мамандығы I курс

## Қайыршы мысық

Паркингі үйдің ең астыңғы қабатында еді. Жақын күндері осы жерге күйісі кеткен бір мысық пайда болды. Өз басын әзер асырап жүрген иесі ауырсынып, қуып жіберген бе екен? Әлде мәшине қаптаған жерде адамдар бар шығар, адам болған жерден риздық та табылар, -деп үміттеніп келген беті ме, әйтеуір жүні жартылай жұлынған, көзінің асты тырналған, не қоңыр, не қара түсті екені белгісіз, ұйпа-тұйпасы шыққан мүсәпір мысықты көзім бірлі-екілі шалып қалған.

Бірде жұмыстан шыққан бетте сөмке-сөмкемді азық-түлікке толтырып көлігімнен түсіп жатқаным сол еді, әлгі мысық жаныма жүгіріп жетіп келді. Жетіп келді де, жан дауысын салып мияулай жөнелді. Ұғып тұрмын.

- Андағы мол азықтан тастап кет! - дегендей жолымды кес-кестеп жібермеді.

Түсіндім, "ашпын, дәтке қуат бірдеменді таста!" -деп жылап тұр.

Оқушы қызым, жақтырмай:-Ауру бәле шығар, қашып кетейік. Ауруы жұғады, тезірек жүріңіз" -дейді.

14

Үйге келе сала, кешкі тамаққа деп дайындап кеткен шикі еттен тышқанның үлкендігіндей етіп кесек етті кестім де, бір-екі тұстан бөліп-бөліп, төменгі қабатқа жүгіре жөнелдім.

Жым-жылас болған маңайға бір қарадым да:

- Өзі де жетіп қалар деген ниетпен жерге әдемілеп қоя бастағаным сол еді, қайдан шыққаны белгісіз маған қарай атыла жүгірді. Жалма-жан жанталасып өліп-өшіп жеп жатыр.

- Бейшара әбден ашыққан-ақ екен. Аллаһ разы болсын, - деген ниетпен, көңілім марқайып үйге кірдім.

Үйдегі балаларым: - Шикі етті қалай жейді? Пісіріп беру керек еді, -деп мені сөккен болды.

- Ол тышқан аулап жейтін мысық емес пе, тышқан аузына пісіп келмейтін шығар, -деп білімімді танытқан болдым.

Таңертең қызметке кетіп бара жатып, кесілген колбаса мен сыр тастадым. Тағы да жетіп келді-дағы жәукемдей бастады. Бұ жолы маған қарап-қарап қояды.

Мына мүсәпір мысықтың рызалығын алайын деп, көктемге дейін азықтан тарылтпауды міндетіме жүктедім .

Балаларым да:-Мама, қандай мейірімдісіз! -дейді. Мен онан сайын мәртебем өсіп, соғыстың кезінде ерлік көрсетіп жүрген жалғыз батырдай өз-өзіме дән риза боламын.

Таңертең ұлыммен төменгі қабатқа түсіп бара жатып;

- Токта! -дедім.

- Мысықтың азығын ұмытып кетіппін.

- Кешкісін берерсіз,-дейді сабаққа асыққан бала.


- Жоқ!-деймін.-Қазір беруім керек, Мына суықта кешке дейін қалай аш жүреді?

Үйден кешегі піскен етті алып, қуанып астыңғы қабатқа түстім.

- Кис-кис! -Кис-кис!

Мысық жоқ, жер жұтып қойғандай. Паркингіде тұрып алып дауысқа салдым,

- Кис-кис! Әрі-бері өткен жұрт, маған аянышпен:"мынаған не болды дегендей бір-түрлі жандары ашып қарайтын сияқты. Мен сонда да қоймаймын"





- Кис-кис!

Мысық аяқты әрең басып,-Неге, мазамды аласың!-дегендей кекірейіп шықты. Шықтыда: - Не болды сонша жұртты дүрліктіріп, дегендей тікірейіп карап тұрып алды.

Мен қолымдағы піскен етті жерге қойып жатып,

- саған әкелдім, жей ғой,-деп еңкендеп, қызмет жасап жатырмын.

Ол ыздиып карап тұрды да, жонын темір арматураға қасып-қасып, жаныма келді.

- Мені сипалап , еркелетпеймісің! -дейді мойнын созып.

- Жемейміп, токпын! -деп кергіп тұр. Жердегі піскен етті менсінбей айналып өтті де құйрығын көтеріп кетіп қалды.

Күзетші маған күліп , жақындап келді де: -Ол бүгін тоқ қой! Тоқ болар, налымаңыз, -деді.

- Мейрам күндері жұрттың бәрі жомарт, бұ мысық қазірше тоқ! -деп көңілімді жұбатқан болады.

- Ақымақ! -дедім іштей, кайқиып, кетіп бара жатқан мысыққа қаным қайнап.

- Ой, бо...о...ой, құйрығы көтеріліп қалыпты ғой, тоқтықтан. Сені панасыз қалған үй мысығы екен деп жүрсем, сен кәдімгі қайыршы болып кәсіптенген, тіленші екенсің ғой. Сені иең о баста-ақ дұрыс қуған екен. Сен бір күніңді ғана ойлайсың, кешкі аштығыңды ойламайсың. Бір күндік қарныңның тоқтығына мастанып шыға келдің. Енді мәңгілік тоқ жүретіндей кергіп барасың,ә!. Енді саған менен тамақ жоқ!

**Роза МҰҚАНОВА**

**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор**





## Мағжан АМАНЖОЛОВ: «Ұстазын тыңдаған шәкірт жерде қалмайды...»

- Мағжан ағай, өзіңбен сүбелі сұхбаттың реті келгеніше өте қуаныштымыз! Көкейді керіп тұрған сан сұрақтың алғашқысын қойсам деп отырмын. Жалпы, опера - салмақты өнер. Ал осы сүрлеу-соқпағы мен зейнеті қатар кездесетін үлкен жолға қалай келдіңіз? Ықпал еткен кім болды?

- Құрметіңе рақмет бауырым. Мен де қуаныштымын! Жалпы опера - өнердің шыңы.

Қызығы мен шыжығы қатар жүретін қиын жол. Қиынның қиыны. Бастауы күнделікті тамақтанудан ақ өріс алады. Тамақ күтімі, сөйлеу режимі, керек десеңіз бізге көп сөйлей бергенде кері әсер етіп жатады. Одан кейін түрлі жағтығулар, халықтың бағасы, сын. Міне, осындай қарапайым дүниелерден белең алып, бірте-бірте күрделене түседі. Ал осы өнерге келуімнің басты себебі - Алладан келген үлкен сый деп білемін. Ең алғаш төрт жасымда көрермен алдына шықтым. Әжемнің ақылымен, жол көрсетуімен ауылдың мәдениет үйінде ән сала бастадым. Ол кезде көше-көшемен сайысқа түсетін. Сол уақыттардағы бірінші жүлдем – кілем болды (күлді). Атамның сүйсініп тыңдайтын «Қарлығаш» атты әні болған. Сол әнді орындап үй-ішін қуантқаным әлі есімде. Бір қызығы ол ән менің репертуарымда осы уақытқа дейін бар. Жаныма өте жақын. Алғашқы қадам осылай бастау алды. Кейіннен 2009 жылы Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжіне вокал мамандығына оқуға түстім. Өзімнің түсінбейтін жерім - эстрада айтып жүрін, қалай операға ойысқанымды байқамай да қалыппын. Бірде Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі, вокал бөлімінің меңгерушісі Қарагөз Ақдәулетованың классында отырған едім, сол жақтың ұл-қыздарының дауысына сондай тамсандым. Ерекше тембр, күшті, қуатты. Ол кездері опера жанрына еш қатысым жоқ еді. Сөйтіп қызығушылығым арта бастады. Мен де айтып көрсем қалай болар екен деген ой туып, ақырындап дәмін тата бастадым. Содан менің құлшынысымды вокал бөлімінің оқытушысы Инаят Жарылқапов байқап, сол жанрға қарай жетелей бастады. Өте білімді ұстаз. Осы ұстазымның арқасында жетістіктерге жетіп жүрмін десем, артық айтқаным емес. Мысалы, там тұрғызатын болсақ, оның іргетас берік болуы шарт. Сол сияқты менің бастау көзімді нығайтқан, осы Инаят Жарылқанов. Ұстазымның демеуімен түрлі конкурстарға қатысып, көзге түстім. 2010 жылдан бастап оркестр қатарына қосылдым. Қызылорда облыстық филармониясының солисті болдым. Ұстаздарымның бағыт-бағдарын дұрыс пайдалана білдім деп ойлаймын. Оркестр қатарына қосылып, беташар әнімді «Абайдың ариясын» орындадым. Әрине, оңай дүние жоқ. Бұл өте қиын туынды. Өзімнің пайымдауымша «Абай ариясы» арқылы мен өз-өзімді шыңдадым. Одан соң оркестр қатарына қосыла отырып түрлі қалаларды араладық. Қазақстанның түкпір-түкпіріне бардық. Конкурстардың жеңімпазы болдым, лауреат, дипломант атандым. Республикалық, одан өте бере Халықаралық фестивальдерге қатыстым. Менің ойымша мәселе жүлдеге келіп тірелмейді. Осындай конкурстарға қатысу арқылы өнерімді шыңдап келемін.

- Жақсы, өте керемет! Білуімізше, сіз «Астана опера және балет театрында» қызмет атқарасыз. Театрда жұмыс істей жүріп көптеген шет елдерге барып жүрсіз. Енді мынаны айтыңызшы, қазақ операсының деңгейі қандай? Операның өзегі Еуропа мемлекеттерімен салыстырғанда біздің операмыздың даму техникасы қалай?

- Негізі біздің деңгей ең жоғарғы сатыда тұр десем қателескенім емес. Біздің опера классикалық бағытта алдыңғы қатардан көрінері сөзсіз. Шет мемлекеттерде өнер көрсетіп жүргенімізде, олар біздің дауысымызға қайран қалады. Қоңырлығына, нағыз Ұлы Дала дауысы екендігіне танданып жатады. Біздің дауысымыз салмақты, өте бай дауыс.

- Жоғарыда айтып өттік, көптеген фестивальдерге қатыса жүріп, талай шет мемлекеттерде болдыңыз. Тарихымен, мәдениетімен, өнерімен ерекшеленген, сіз үшін таңқалу сезімін сыйлай

алған қай елді айта аласыз?

- Әзірбайжан еліне барған сапарымызда әзірбайжандардың әнін орындадым. Бір байқағаным, олар біздер сияқты өте қонақжай екен. Шапалақ ұрып, колпаштаулары, орындарынан тұрып құрмет көрсетуі өз басыма қатты әсер берді. Әншіге деген ілтипаттары өте жоғары. «Магемаев» конкурсына қатысушылар да өз бағасын беріп жатты.

- **Осы жерден сәл аялдап мына бір әңгімеге ойысқым келіп отыр. Қазақта жақсы сөз бар. «Ұстаздан шәкірт озар» дейді. Өзіңізге опера өнерінің қыр-сырын үйреткен ұстаздарыңыз жайлы кеңінен әңгімелесеңіз.**

- Жоғарыда айтып өттім, менің дауысымның баритон екенін, нағыз қоңыр, диапазонының кең екендігін алғаш байқап, жарқын болашаққа жетелеген, әрине, Инаят Жарылқанов. Шәкірттері де белгілі, Қазақстанның мынау деп көрсетер өнер адамдарына айналған. Инаят ағайымның маған берген білімі, тәлім-тәрбиесі қазіргі таңда менің дарынымның шарықтатушысы. Осы күнге дейін Инаят Жарылқанов туралы келеңсіз пікір естіп көрген емеспін. Қай жерге барсам да, Инаят ағайымның артынан тек мақтау сөздер ергенін байқаймын, әспеттеп, жоғары көтеріп жатады. Мені түрлі конкурстарға қатыстырды. Инаят ағайыма алғыс айтамын. Астанаға келгеннен кейін менің ұстазым болған - Асанбаев Қияқбай Мұзафарұлы. Білікті маман иесі. Жұмысына бей-жай қарамайтын адам. Бізді европалық маман дайындау техникасымен баптады. Маған айтқан әр сөзіне еш нәрсені теңгере алмаймын. Мен үшін осы тұлғалар өнер тарихыма алтын әріптермен таңбаланып қалды. Әлі күнге дейін ақыл-кеңестерін айтып отырады. Оларға Алланың нұры жаусын. 2017 жылы осы университетті қызыл дипломмен тәмамдадым. Қазіргі таңда магистратурада мәдениеттану бағытында білімімді шыңдау үстіндемін. «Жігітке жеті өнер де аз» деп айтқан ғой. Өзімді әртүрлі бағыттардан көргім келеді. Театрымыздың дамуына барынша өз үлесімді қоссам деймін. «Қазақ» деп соққан жүрегіммен, өнерімізді әлемге паш етсем деймін.

- **Тамаша! Сонымен бірге сізді тамсандыратын, таңқалдыратын, шабыттандыратын қай опера әншісін айтасыз? Кімді үлгі тұтасыз?**

- Мен Ермек Серкебаев ағамызға қарап бой түзеймін. Айтқан партияларына қарап, әрдайым үлгі тұтамын. Кішкентайдан тыңдап өстім. Әлі күнге дейін тыңдап келемін. Біз үшін Ермек Серкебаев - тарих.

- **Жалпы, бұл дарын сізге қайдан келді? Әулеттеріңізде өнер адамдары бар ма?**

- Қазір әжем «Әжелер ансамблінде». Әжем өнерді қатты бағалайтын жан. Менің өнерімнің жолында бар күшін сарп етті десем де болады. Атам да қара жаяу емес. Тек өмірден ерте кеткені көңіл қынжылтады. Дегенмен кәсіби әншілікке жатқызуға болмайды. «Әу демейтін қазақ жоқ» демекші, қанда бар дүние. Бастысы - Алланың берген дарыны.

- **Әңгімеңізді қорытындылайтын болсақ, артыңыздан ерген іні-қарындастарыңызға, ізбасарларыңызға қандай ағалық кеңес бересіз?**

- Ең бірінші ұстазды тыңдау керек. Ұстазын тыңдаған шәкірт жерде қалмайды. Ұстаз біледі. Ұстаз сезеді. Ұстаз болжайды. Сондықтан жалғыз айтарым - ұстаз тыңдай білу қажет. Одан кейін - күтім. Өз-өзін күту міндетті дүние. Жагтығулар жиі жасаған дұрыс, опера жанры туралы кітаптарды көптеп оқу керек. Бәрі орнымен жасалса тұлға болып қалыптасасың.

- **Керемет. Мәрелік сұрағымды қойсам, адам өз-өзін дамыту үшін, белгілі бір жетістікке жету жолында нені басты назарға алғаны дұрыс?**

- Менің тәжірибемде - конкурстарға жиі қатысқан жөн. Бәсеке өнеріңнің өрістеуіне үлкен сеп болады. Мүмкіндік болса қалмаған дұрыс. Өйткені конкурс адамды өсіреді, шындайды. Сол арқылы жігерің молайып, болашаққа жарқын көзқараспен қарайсың. Бастысы қорқынышты жеңе білу. Қорқынышын бағындыра алмаған пендені нашар адам деп білемін. Мысалы өз басымнан өткен дүниені айтайын. 2017 жылы мен өз қорқынышымды жеңіп, «Травията» операсынан Шермонды дипломдық жұмысым ретінде алдым. Ал бұл туынды өте қиын, әрі күрделі. Бірақ қорқынышымды жеңгендігімнің арқасында өте сәтті шықты. Мені жоғарғы деңгейге жетелеген осы нәрселер.

- **Арамызда керемет сұхбат өрбіді. Әңгімеңізден менің де опера өнеріне деген сүйіспеншілігім артқандай. Шығармашылығыңызға табыс тілеймін. Алар асуларыңыз бен жетер белестеріңіз көп болсын! Рақмет!**

Мұхтар ӨМІРТАЙ  
«Кинотеледраматургия» мамандығы 1 курс

## «Ер Төстік» мюзиклі



Қазақ театр сахнасында мюзикл жанры кенже дамыса да оң нәтижесін беріп келеді. Көптеген режиссерлер осы уақытқа дейін қойған музыкалық спектакльдерін «Мюзикл» деп репертуарына енгізеді. Ал «Мюзикл» деген жанрдың талаптарына сай жұмыс жасалмай жатқандығы аңғарылады. Әрине «көш жүре түзеледі» дегендей, болашақта қазақ сахнасында бұл өнердің жерсінугіне кәміл сенеміз.

Астана қаласында «Мюзикл» қойылымдарын қоюға мүмкіндіктер жасалып, арнайы ғимарат пен қаржы бөлінді.

«Астана мюзикл» театры орталық концерт залында өзінің кезекті спектаклін жарыққа шығарды. Оған дейін «Достар серті» атты мюзиклді көрермендерінің назарына ұсынған болатын. «Астана мюзикл» театры бұл жолы «Ер Төстік» қазақ халық ертегісін сахнаға икемдеп инценировкасын жасап мюзиклін ұсынды. Бұл құттарлық үлкен жұмыс болып есептеледі. Қазақтың халық ертегісін сахнаға шығарғанына шын жүректен қуандық. Музыка авторы - Болатбек Нұрқасымов әуезді музыкамен ел көңілін шытырман тұңғыққа жетелейді, әр сахнаға арналған музыка кейіпкерлердің келбетін ашуға септігін тигізді.

Сценарист және қоюшы режиссері Есләм Нұртазин. Жас режиссердің мюзикл жанрын өркендету жолында атқарып жүрген жұмыстары көп: Ж.Презгурвик «Ромео мен Джульетта», Р.Кончанте «Нотр Дам де Пари» (2007ж) мюзиклін аударған және алғашқы сахналаушы. «Ромео мен Джульетта». С.Шаменов, Д.Раевтың «Қыз Жібек» (2012ж), мюзиклдарын және «Алдар Көсе», «Рух» атты спектакльдерді сахналап жүрген дарынды, болашағынан зор үміт күттіретін режиссер.

Либретто авторы Әннәс Бағдат ертегіні тәржімалауында көптеген қысқартулар жасау арқылы, мәтіндегі маңызды оқиғаларды ұмытқан сынайлы. Әкесі Ерназар туралы айтылмаса да, сегіз ағасын іздеп шығатыны туралы көріністі экран арқылы немесе әрекет арқылы суреттегені дұрыс.

Тамаша әуен, бірегей хореография арқылы Лед-экранмен көрсетілген мюзикл оқиғасын бәйтерек ағашының «тамыры» баяндап отырғаннан басталады. Мюзиклдің темпо-ритімін актерлік ойыннан бұрын жарық, музыка, лед-экранмен жұмыс істеу әдісі арқасында жақсы көрсете алғандығын айта аламыз. Мюзикл сюжеті ержүрек Ер Төстіктің қатыгез Темір хан әміріндегі жерасты патшалығының зұлымдық күштерімен күресі туралы өрбиді. Көрермендер экрандағы мультик сияқты басталған көріністерге сүйсініп көріп отырды. Орталық концерт залының сахнасы нағыз заманауи мега мюзиклдер сахналайтын жоғары деңгейдегі көлемді кеңістік болып саналады.

Мюзиклда жыландардың патшасы Бапы ханды Тұмар хан деп өзгерткен. Ойдан шығарылған Обыр, Дүлей, Елес кейіпкерлерінің атқаратын функциясы әлсіз, сондықтан өзгертпеседе болар еді. «Ер Төстік» ертегісі нағыз мюзиклге сұранып тұрған шығарма. Достарының функциясын өзгерткеннен шығарманың деңгейі әлсіреді. Мюзиклдің композициялық құрылымын ертегі желісімен шындау керек. Ал егер өз бетінше жаңаша тәржімаласа «ремейк» жасағылары келсе, драмалық композиция заңдылықтарына сүйенгені абзал. Қаймағы бұзылмаған ертегілерді басқа арнаға бұрғанға келмейді.

Басты рольде Саламат Мұқашев – ЕрТөстікке тән қайсарлық, батылдық, шынайылықтың жетіңкіремегені аңғарылады. Қойылымдағы Ер Төстіктің костюмі, жүріс тұрысы, сөйлеу мәнері солғын тартқан. Ертегіде баяндалғандай бір сокканнан көрші кемпірдің жалғыз баласын өлтіретіндей ірі денелі жігітті көре алмадық. Бәрімізге белгілі «Ер Төстік және айдаһар» деген мультфильміндегі Ер Төстіктің бейнесінен аумай қалған. Ер Төстікті ер адамға тән батылдық, қиын сәтте шешім қабылдай алатын тұлға деңгейіне көтерген жөн. Болашақта киімін де батырларға тән салмақты сауыт-сайманы болса әсерлі болады.

Кенжекейдің – Сәнді Қаршалева актриса бейнесі толық ашылмаған. Кенжекейдің түрі, костюмі көпшілік сахнада жүрген қыздардан дараланып тұрған жоқ. Ертегіде Кенжекейдің анасы: «сегіз қызым бір төбе, Кенжекейім бір төбе» -дегенінде үлкен сыр бар. Сол арқылы оның бейнесін ашып беруге болар еді. Ер Төстік екеуінің жас алшақтығы бірден көзге түседі, Кенжекей оның қалыңдығынан гөрі оның «әпкесі» екен деп ойлайсың. Қызға тән биязылық, сыйластық жақтарын көбірек бедерлегені абзал.

Перінің қызы Бекторы Ер Төстікті өлтірмей, оны көргенде ғашық болып сыйқырлап, ұйықтатып, садағын алып кетеді. Аталмыш мизансценалары жасанды болып шыққан, ғашық болғанын байқамадық. Келесі көріністе Кенжекей Ер Төстікке келіп, қандай жағдай болғанын, не үшін талып жатқанын білмей оны орнынан тұрғызып алады. Осы жерде өзгеше бір көркем шешім керек сынайлы. Негізінде махаббаттың күші оятса, Ер Төстіктен «садағың қайда?» деп оны қайрайды. Ол садағын іздеп жер астына түседі. Әрине ертегіде Кенжекей әкесі мен жалмауыз кемпір арасындағы әңгімені естіп қойып, содан білген. Садақтың оғын қайрайтын егеуін іздеп Ер Төстіктің өзі барады.

Режиссер жалмауызды бірінші орынға шығарған, оның жүріс-тұрысы мен түр-әлпеті келісті, костюмі де әдемі. Ер Төстік заманауи жалмауыз кемпірге ғашық болып қалатын тәрізді әсер етті. Мыстанда өзіндік стиль бар, бірақ жалмауыз тәрізді сикыр, құпиялы сөйлеу мәнерін ұштаған абзал. Қысқартулар мен өзгертулердің орын алуына байланысты мюзикл сюжеті түсініксіз жағдайларға толы.

Ер Төстік достарымен ауылдың шетінде ойнап жүрген сахналарында ойындары ашылмаған. Таусоғар өзіне тән функцияны көрсете алмады. Түрі заманауи «бодобильдинг» спортшылар тәрізді дене бұлшық еттерін көрсетумен әлек. Одан басқа міндет атқарып тұрғаны жоқ. Жер астындағы болып жатқан мизансценаларда тау тұрмақ бір кесек көтере алмайды. Ал ертегіде: «достарының барлығы Ер Төстікпен жер астында жеке-жеке танысқан. Олар оның жер астынан шығуға көмектесіп, Темір ханды жеңуіне атсалысқан болатын. Мысалы, Таусоғар жер астындағы палуандардың барлығын жеңіп, тауларды көтеріп жауларын қорқытады. Көл тауысар жолдарындағы көлдің бәрін тауысып, өртті өшіреді. Сакқұлақ болса қарсыластарының оларға у берейін деп жатқанын шалғай жерден естіп қояды. Желаяк жарыста қарсыластарынан оқ бойы бұрын озып келіп, Ер Төстіктің жеңіске жетуіне бірден бір себепші достары болатын. Өйткені олардың барлығында ерекше дарындары бар.

Ал мюзиклда олардың бейнелері ашылмаған, болашақта осы жағын ескеру керек. Режиссер оларды кішкентай кезден, бір-бірін күнде көріп жүрген дос сияқты етін бейнелеткен. Бәрі жиналып тұрған сахнада достары не істеп тұрғандарын өздері білмейді. «Елті» деген кейіпкер - актриса Зарина Таштаева бір-екі трюктерін көрсетеді, «Сакқұлақты» – актер Арман Гумаров екі құлағы қалқып жан-жақтан тың-тындайды. «Желаяқты» - актер Еркебұлан Серікбай сахнада арлы берлі жүгіреді, Ер Төстікпен кездесетін сахналарында әзілдеседі бірақ көрермендер оның жылдам әрі ақырын сөйлегендігінен не туралы айтқандығы түсініксіз болды. Қойылымда достарының бейнесін аша түссе, қызықты оқиғаларды өрбіту керек.

Перінің қызы Бекторылар келін, қара күшпен достарының барлығын жеңіп, жер астына апарып қамап қояды. Олар бейшара күйде қапаста Ер Төстікті күтіп камалып отырады. Ертегіде керісінше достары Ер Төстікке көмектеседі. Біз осы нұсқасын құптаймыз.

Аталмыш кейіпкерлердің ертегідегідей бір-біріне деген достықтарын, олардың дүлей күшке ие екендігін, ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін, дарындылығын көргіміз келген. Көлтауысар мен Қырағы бейнелері көпшілік сахнада жүрген қосалқы кейіпкерлер деңгейінде. Олардың барлығы әлжуаз көмек қолын күтіп жүргендей болып қалған. Олар бүгінгі таңдағы кино, мультфильмдегі ел тамсанып жүрген «Аватардан» еш кем емес. Міне, бізге де сахнада осындай құбылыстар, ойындары керек. Бұлардың ертегідегі нұсқасы бізге нанымды. Желаяк пен Сакқұлақтың Ер Төстікпен қалжыңдасқан сахнасы орынсыз, жасанды күлкі, көркем мизансценаға құрылмаған. Шойынқұлақ— Дарын Шыныбек, Дүлей—Қобыланды Болат, Обыр—Расул Усманов, Елес—Әли Бидахметов, перінің қызы Бекторы-Жарқынай Шалқарова, Жалмауыз—Айна Әбдікәрімова костюмдері бәріміздің бала кезімізде «Мортал Комбат» деген компьютердегі ойындардағы кейіпкерлерді көз алдымызға елестетеді, олда бір заманауи көзқарас болып тұр. Әсіресе бет-әлпеті, төбелескендері, әріптестерімен сөйлескендегі әрекеттері оңды. Бірақ олардың барлығы мүсін тәрізді қатып қалған, бір орында тұрады. Сахнада олардың өмір сүргендерін, қалың халықтарында тың шешім қабылдап, көркем оқиғаны өрбітсе.

Шалқұйрық жылқыны лед-экран арқылы жақсы ойната білген. Жарық партитураларында оңды. Тек сахнадан көрермендер залына түсетін лазерлердің көзді қарығаны болмаса. Жарық түсіру жағынан көп жұмыс жасағандары байқалады. Әртістердің ән-биге икемділігінің әсері күшті болды. Мюзикл жеңіл болып көрінгенмен бұл күрделі жанр. Ер Төстік мюзиклі қысқа мерзімде атқарылған жұмыс екендігі аңғарылады.

**Нартай ЕСКЕНДІРОВ**  
«Өнертану» кафедрасының доценті,  
философия докторы (PhD)

## История одной дружбы:

### Ахмет Байтурсынов - Александр Затаевич



АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ 1872-1937.

В 2017 году отмечается 100-летний юбилей со дня основания политической партии «Алаш». Проект программы партии охватывал все важные направления для создания национального демократического государства, включая науку, образование, политику, правосудие и др. Однако полностью удалась лишь гуманитарная миссия алашординцев.

В состав политической партии, наряду с другими основоположниками, входил поэт, ученый, общественный деятель Ахмет Байтурсынов (1872–1937). Поразительно, насколько была разносторонне одарена эта личность! О каждой грани его таланта можно долго рассказывать, но мне, как музыканту, хотелось бы заострить внимание на роли музыки в его жизни.

Пожалуй, одна из наиболее интересных таких страниц в биографии Ахмета Байтурсынова – дружба с исследователем казахского фольклора Александром Затаевичем, музыкантом, который своими любовью и старанием сумел собрать великую сокровищницу казахского народа. Долгие годы, посвятив себя песням и кюям, ученый-этнограф, как известно, выпустил книги «1000 песен казахского народа» и «500 казахских кюев и песен». И не последнюю роль в благородном начинании Александра Викторовича сыграл Ахмет Байтурсынов. Кстати, Затаевич последнего нежно называл Аханом.

Интересно отметить, что А.Затаевич в предисловии к первому изданию «1000 песен казахского народа» (1925) с благодарностью пишет о той помощи, которую оказал ему Ахмет Байтурсынов. Не могу не удержаться привести эту цитату полностью, которая характеризует его музыкальность, авторитет среди современников, великолепные знания народной музыки, культуры и истории Казахстана:

*«Как любитель и знаток отечественной песни, прекрасный ее исполнитель и хороший домбрист, Байтурсунов по справедливости также очень высоко ценится своими соотечественниками. Со*

*своей стороны, и я имел особенную возможность оценить эту сторону знаний и умения Ахмета Байтурсуновича, так как к моему настоящему труду он проявлял всегда высочайшее внимание, и не только сообщал мне систематически, по записям в книжке, все известные ему песни: тургайские, кустанайские, актюбинские, букеевские и каркаралинские (последние – Семипалатинской губернии), не только дал два превосходных кюя для домбры, но и вообще своими авторитетными указаниями и объяснениями в области казахской истории и этнографии быта много способствовал моей ориентировке среди массы собранного мной материала, за что я никогда не перестану ему быть особенно благодарным».*

Как мы считаем, знакомство Александра Затаевича и Ахмета Байтурсынова состоялось предположительно в 20-е годы прошлого столетия. В то время Байтурсынов занимал должность наркома просвещения и содействовал делу Затаевича, находясь на крупной руководящей должности. Около 20-ти песен были записаны непосредственно от Ахмета Байтурсыновича, которые впоследствии и вошли в издание «1000 песен казахского народа». Среди них – «Әйда-жай», «Екі алма», «Тоқыбас әні», Кәмшат бөрі», «Қара қоңыр», «Жаяу Мұса», «Айда былпым!»,

«Тепең-көк» и др.

В первом издании Затаевича имя Ахмета Байтурсынова было включено в список корреспондентов, но во втором от 1963 года он уже не фигурировал. Об этом случае с удивлением рассказывал Жусуп Али Чулаков, который напел Александру Викторовичу тысячную песню для сборника «1000 песен казахского народа»:

*«Его сборник "1000 песен..." я увидел случайно в Семипалатинском магазине. Хотел купить, но у меня денег не было. Посмотрел, пролистал: там были фотографии Байтурсунова и других. В 60-м году в Алма-Ате было второе издание этой книги. Как я обрадовался! Сразу купил 3 штуки. Одну подарил сестре-пианистке, другую – еще кому-то, а третью оставил себе. Знаете, когда пролистал, то обнаружил только фамилии сочинителей- композиторов. Я удивился, потому что в сборнике не оказалось фамилии Ахмета Байтурсунова, Бокейханова. В первом издании было, что жена Болата пела ему несколько песен, была фамилия Аймауытова, а во втором издании все это куда-то исчезло. Непонятно откуда взялись эти песни, кто их автор, кто их исполнял, от кого было записано.»*

Возможно, отсутствие имен во втором издании связано с тем, что Ахмета Байтурсынова репрессировали. В те времена не то, чтобы писать, но было просто опасно произносить их имена...

К сожалению, имя Ахмета Байтурсынова осталось в тени... Этот момент получил свое продолжение в переизданном в 2000 году сборнике «1000 песен казахского народа» А.Затаевича, который был перепечатан со второго издания. В дальнейшем хотелось бы, чтобы этот факт получил свое научное толкование в работах будущих музыковедов.

**Арайлым ДАУЛБАЕВА**  
"Музыковедение" 4 курс

21

## Сауатты бол студент...

2017 жылы желтоқсанның 7-сі күні университетімізде «Қазақстан тарихы және гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы Баймуханова Куралай Хасановнаның ұйымдастыруымен діни сауаттылықты қалыптастыру, жастарды теріс ағымдардан қорғау мақсатында «Жастар арасындағы діни мәселелер» орталығынан Айбек Аташев пен Ақмола облыстық «Науан хазірет» мешітінің найб имамы Мейіржан Рахматуллаұлы келіп дәріс өткізді.

Соңғы кездері әлемде ушығып кеткен террорлық актілер біздің елді де айналып өтпегені рас. Екі бірдей қаламызда террористік фактілер орын алғаны баршамызға белгілі. Бұл дін атын жамылғандардың теріс уағыздары, жасап жүрген жымысқы іс-әрекеттерінің нәтижесі. Ал осындай жолға түсіп кетпеу үшін біздерге не істемек керек?

Бұл сұраққа М.Рахматуллаұлы: «Дін деген сіздің де, менің де ойым емес. Ол - Жаратушының бізге жүктеген парызы... Мен университетте 4 жыл оқып, шетелде 3 жыл білімімді толықтырып, болдым, толдым дегенім теріс екен. Былайша айтқанда білетінім бір тоғыз, білмейтінім тоқсан тоғыз болып шықты. Ал теріс ағымға түсіп, намазға жығылғанына 3-4 ай болған адасушылар ұйым құрып, жастарды одан ары адастыруда. Ал жастардың адасуы - діни сауатының жоқтығы. Сондықтан, дінге байланысты қандай да бір сұрағыңыз бола қалса, тек арнайы білімі бар мамандардан сұрау керек», - деп жауап берді.

Лектор Есенова Дианна ханымның жүргізген эксперименті мен мамандардың ақыл-кеңесі студенттерге аз да болсын діни азық болғаны сөзсіз. Университетімізге арнайы келіп, теолог мамандармен жолықтырып, маңызды мәселені көтеріп жүрген «Астана қалалық діни басқармасының» маманы Айбасова Арайлым Галымқызына алғыс айтамыз. Бастысы діннің негізі тірегі - мейірімділік пен бейбітшілік екенін ұмытпайық!

**Құрметпен, бас редактор**





## 22 «Шабьт» Фестиваль

Кезекті Халықаралық «Шабьт» фестивалі өз мәресіне жетті! Әлемдік деңгейдегі шараға Қазақстан, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Латвия, Литва, Армения елдерінен келген 500-ден астам үміткерлер қатысты.

Биыл фестиваль жиырмамыншы мәрте ұйымдастырылып отыр. Мерейтойлық фестивальде қатысушылар алты аталым бойынша сайысқа түсті. «Халық музыкасы» аталымының домбырамен ән айту тармағында өнер жарыстырғандар қазақ әнінің барлық мектептерін меңгергендерін көрсетті. Бұл сыннан сүрінбей өткендердің қатарында екінші орынды иеленген Астана қаласы Мемлекеттік академиялық филармониясының солисі Әйгерім Нартуева мен бірінші орынға ие болан тағы бір астаналық өрен Нұржан Ме-йірхан болды. Ал бас жүлде Асқар Мұқиятқа бұйырды.

Домбырашылар арасында Ұлан Бәкіжанов топ жарды. Халық аспаптары оркестрі санатында кейінгі жылдары өрелі өнерімен көрініп жүрген «Қорқыт» дәстүрлі саз тобы бас жүлдені иеленді. Сондай-ақ, биылға мерейтойлары түсіп отырған ұлттық музыка майталмандары Әсет Найманбайұлы, Болат Сарыбаев, Мағауия Хамзин атындағы жүлделер иелерін тапты.

Жалпы, биылғы фестиваль тұлғалар атындағы осындай атау-лы сыйлықтардың көптігімен ерекшеленді. Бұдан бұрын Астаналық цирктің негізін қалаушы Балтабек Жұмағұлов атындағы жүлде дәстүрлі түрде тапсырылып тұратын. Ал бұл жолы бұған тағы Ғазиза Жұбанова, Еркеғали Рахмадиев, Кенжебек Андарбаев, Хакімжан Наурызбаев, Шәкен Айманов, Бердібек Соқпақбаев атындағы сыйлықтар мен дипломдар қосылды. Қалалық Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының арнайы сыйлықтары да тапсырылды.

Осы жылы «Үздік әдеби шығарма» аталымында балалар және жасөспірімдер тақырыбына проза жазатын жас қаламгерлер додаға түсті. 20-ға жуық жазушылар арасынан «Тылсым» туындысын ұсынған Қанат Әбілқайыр озып шығып, бас жүлдені иеленді.

«Актерлік шеберлік» аталымында Ұлан Қабылдың мерейі үстем болды. «Бейнелеу өнері»





бойынша Әнел Әлібай топ жарды. «Цирк өнерінде» «Қарама-қарсы әткеншек» нөмірін ұсынған Астаналық цирктің өнерпаздарына тең келетін ешкім табылмады.

«Классикалық музыка» аталымы ішінара үш тармаққа бөлінді. Академиялық вокал бойынша Ұлпан Әубәкірова, альт, виолончель, контрабас аспаптарын біріктірген тармақта Эльдар Айтбеков үздік деп танылды. Ал биылғы «Шабыттың» триумфаторы – скрипкашы Жібек Мүсіргалиева. Ол өзі менгерген аспап бойынша сайыста топ жарып, фестивальдің ең басты жүлдесі – ҚР Президенті кубогын иеленді.

– Елбасының ел жастарына деген қамқорлығы ерекше. Бұл кубок – соның бірден-бір дәлелі. Осындай қамқорлықтың арқасында жастардың алмаған асуы, шықпаған биігі болмайды деп ойлаймын, – деді кубокты тапсырған Астана әкімінің орынбасары Ермек Аманшаев.

Салтанатты шара гала-концертке ұлас-ты. Онда фестиваль жеңімпаз-дары өз өнерін көрсетіп, Күләйым Қайыр-баева, Бибігүл Жанұзақ, Альбина Оғанесян және «Рензо» тобы жиналған халықтың көңілін көтерді.

Құрметпен, «Шабыт» журналы ұжымы



# Казахский Национальный Университет Искусств

**Что можно понять, начав учиться в Казахском Национальном Университете Искусств? Наверное, мне, ученице первого курса, не совсем правильно отвечать на этот вопрос, но, думаю, со мной согласятся многие студенты.**

1. "КазНУИ - отдельная Вселенная",- шутят многие астанчане. Мне кажется, это действительно так. Атмосфера университета значительно отличается от атмосферы города в целом. Возможно, многие и не замечают, но разница определенно есть. Выходя на улицу, мы видим бизнесменов и других серьезных людей, с такими же серьезными лицами и одинаковыми костюмами, но, войдя в "Шабыт", я будто забываю о бесконечных пробках и осенних депрессиях.

2. В КазНУИ учатся очень креативные студенты. Об этом могу говорить с полной уверенностью. Каждый человек, с которым я знакома здесь, был переполнен позитивом и энергией, не говоря уже о таланте. Естественно, находясь в такой среде, хочется творить и постоянно улыбаться. Никто не боится самовыражаться, нет страха быть осужденным. Можно не стесняться и напевать любую песню, просто идя по коридору, и никто не посчитает тебя сумасшедшим. Думаю, в это и заключается счастье- быть свободным и не скрывать этого, не вгонять себя в рамки и общепринятые нормы (однако, носить рваные джинсы все же не стоит)

3. КазНУИ - площадка для всестороннего развития молодежи. Этот пункт является для меня самым любимым, хоть и звучит немного примитивно и заезженно. Всего за полтора месяца учебы я успела познакомиться с невероятно большим количеством людей, и многие из них уже являются состоявшимися личностями с впечатляющими успехами. Даже во время обеденного перерыва мы учимся чему-то новому друг у друга, обмениваемся опытом и актуальными новостями. Меня поражает то, что почти каждый обладает ораторскими способностями и искусством харизмы, чему мне предстоит еще научиться. По-моему, это самое интересное в студенческой жизни, не так ли?

4. Возможность вносить вклад в развитие нынешнего поколения. Совсем недавно я стала активисткой Центра Творческой Молодежи КазНУИ, где познакомилась с оптимистичными и крайне интересными людьми, которые с первого взгляда вызывают желание действовать, и, думаю, мне это очень нравится. Мне полюбили и то, что я могу помочь в воплощении проекта в реальность. Оказалось, можно развиваться не только в стенах своего университета, но и за его пределами, рассказывая всем о том, что я учусь в КазНУИ. Например, я вместе с другими активистами успела поучаствовать в съемках интеллектуального шоу для телеканала "QAZAQKSTAN" и получила огромное удовольствие, несмотря на то, что не всегда давала правильный ответ.

5. Возможность находиться рядом с выдающимися деятелями искусства и перенимать их опыт и знания. В пример можно привести и нашего ректора. Я считаю правильным то, что возглавляет Университет Искусств человек, который и сам близок к искусству, ведь только так можно максимально хорошо понимать своих студентов. Абсолютно все говорят о том, что наш ректор - выдающаяся личность, и многие могут подумать, что мы хвастаемся, но мы лишь констатируем факты и стремимся достичь того же уровня, что и у наших преподавателей и мастеров.

Несомненно, учеба в КазНУИ очень интересна, наполнена различными событиями и мероприятиями. Сложно рассказать о всех преимуществах и достоинствах, но для себя я выделила главные пять. Именно они дают мне силу и энергию получать и принимать знания, творить, создавать нечто новое и настолько грандиозное, что совершенно посторонние люди могли бы вдохновляться тем, что я делаю. Призываю к этому и Вас, товарищи студенты. Не забывайте, что мы сами создаем свой уют, так почему бы и Вам не сделать жизнь в нашем университете еще более интересной?

**Малика ЖУМАДИЛОВА**  
«Сценография» 1 курс

# Лифт пен баспалдақ



**Лифт:** Оу, баспалдақ, қалың қалай? Шаң басып әлі тұрсың ба? Демінді ішіңе тартып жападан жалғыз қалыпсың ғой? Қашанғы тұра бермексің. Мен болсам шыдамас едім, бұлай пайдасыз тұруға.

**Баспалдақ:** Пайдам тимейтінін қайдан білесің? Құдайға шүкір, мені де керек етіп жүргендер бар.

**Лифт:** Сені кім керек қылады дейсің коқыстан басқа. Байқаймын, соңғы кездері сені жұмыс басты адамдар тұрмақ, еден тазалаушылар да сирек келетін болыпты. Бұлай жалғаса берсе, құрып тынарысың-ау. Өз-өзіңе неге мән бермейсің, карашы үстіңе жабысқан сағыз, түкірік, әр бұрышта шашылып жатқан конфеттің қағаздары, мына жерде 0,5 бос баклашка да тұр. Маскара, тіпті темекінің қалдықтарын да қалдырып кетіпті. Көптен бері су тимегеннен бе, түсің де өзгеріп кетіпті.

**Баспалдақ:** (мұңайып, әлсіз үнмен) Оның рас, демім тарылып барады.

**Лифт:** Менің жөнім мүлдем басқа, өзің білесің даңқым жер жарып тұр. Мен қалаған этажына жылдам әрі оңай жеткіземін. Сол себепті бәрі менімен көтеріліп-түскенді ұнатады. Әнее, қара, басшыларымыз да маған келе жатыр, саған тіпті мойнын да бұрған жоқ. О, мына жақта, тіпті адам көп.

**Баспалдақ:** Бұл адамдар сенің бір күндік екенінді қайдан білсін. Кенеттен тоқ өссе, бірден

істен шығатыныңды өзің де жақсы білесің ғой. Иә, саған ақылдысы да, ақымағы да бәрі міне береді. Кейбірі сен жоғарғыға көтерілгенше шыдамай шұқылап, кейбір кнопкаларыңды істетпей тастайтының да естіп жатырмыз. Даусың да баяғы жаттанды дың-дың. Ал маған карашы, төменнен жоғары неше баспалдақ болса сонша түрлі әуендер ойналып жатыр. Жүруге де, дайындалуға да, бір сөзбен бәріне жараймын. Байқасаң менімен нағыз ерінбейтін еңбекқорлар ғана жүріп өтеді. Біреу болса да, мен соған ризамын.

**Лифт:** Ой, сен де айтасың-ау. Әрине кемшіліксіз дүние жоқ. Қайта кнопкаларым бұзылса ол менің үздіксіз жұмыс істеп тұрғаным. Керісінше бұзылғаны жақсы емес пе? Ауыстырып жаңалатқызып аламын. Саған қарағанда маған көп мән беретіні соншалық, жиі-жиі жуып, айнадай тазалап отырады. Сәл істемей қалсам, бәрі жүгіріп тездетіп іске қосып жібереді. Маған сұраныс көп екенін сенің де ішің сезіп отырған болар. Пах, мына әдемі қыздарды карашы, әдемілігімен коса жұпар истері мұрынды жарып барады. Ал, сен әлі ештеңеден хабарсыз екенсің. Болжауымша енді біраз жылда сен мұражайларда ғана тұрарсың, тіпті құрып кетуің де ғажап емес.

**Баспалдақ:** Мен олай ойламаймын. Бәрі болмаса да, өз денсаулығын ойлаған және ешкімнің көмегінсіз көтерілгісі келетін нағыз еңбекқор жандар бізді іздеп табарына сенімім мол. Сен бір көргенге жақсысың, бірақ есте қалмайтыныңды әлі де түсінбедің-ау. Ал біз, өзіміздің қилы бұраландығымызбен мәңгі есте сақталамыз.

**Лифт:** Ой, түк көрмеген ақымағым-ай, есте жақсы сақталамыз деуін. Не деп ақталсаң да сенің бұл қоғамда көк тиын пайдаң жоқ. Қазір жұмысты тұрып емес, отырып жасайтын уақыт. Қилы тағдыр да, керемет бас та керек жоқ, тек екі қолың, екі көзің болса керекті дүниенді бас ауыртып ойланып емес, саусағыңды әлеуметтік желіге түртіп қалсаң болғаны түр-түрімен мәліметке қанық боласың. Ақылымды алсаң, осылай шаң басып қадір-қасиетіңнен айырылып тұра бергенше, кетіп қал.

**Баспалдақ:** Мен ақымақ емеспін. Мен болмасам сен де болмас едің. Мына ғимаратты кім байланыстырып тұрғанына мән бердің бе?

**Лифт:** Өзіңді сондай кереметпін деп ойлайсың ба? Тағы кателестің. Сенсіз де тұра алады. Мойындасаншы, қоғамнан қалып қалғаныңды.

**Баспалдақ:** Дәл бұлай қор боламын деп кім ойлаған. Босқа сөзімді шығындағым келмейді. Сөзіңнің де жаны бар шығар, жарайды, бәрі маған тіреліп тұрса, мен-ақ кетейін.

**Лифт:** ... Токта! Токта! Сен негізі дұрыс айтасың, мәңгілік ештеңе жоқ. Сен кетсең мен кіммен айтысамын? Кімге мақтанамын? Сол үшін кетпегенің дұрыс сияқты, кетпеші... Сен болғандықтан мен қадірлімін. Сен кетсең, мына адамдар менен де жалығады. Сосын басқасын ойлап табады. Ал, ол келсе мені керек етпейтін болады. Сен сияқты мен оған шыдай алмаймын. Сол үшін өзіміз ғана өмір сүре берейік! Қаласаң арасында бұзылып, сенің керек екеніңді естеріне салып тұрамын.

**Баспалдақ:** Әй, сабазым-ау! Осындай мінезден қашан айығар екенбіз...

**Лифт:** Хааааа, хаааа, хаааа (қарқылдап күліп тұрғанда, лифт істемей қалады)

**Студенттер:** - Не болды?

- Не боп қалды?
- Лифт жұмыс істемей қалды ау!
- Енді не істейміз? Құдай-ай, қырсыққанда бүгін емтихан, апайдың сабағы, бір минут кешіксек кіргізбейді.
- Енді, осылай күтін тұра береміз бе? Баспалдақ бар емес пе, кеттік. (Бәрі тұра жүгірді)

Бақталант ҰЛЫХАН  
«Театртау» мамандығы 1 курс



# Рождение оперной студии в университете ИСКУССТВ



22 декабря в большом зале им. Ж. Жабаяева прошла премьера оперы «Севильский цирюльник» Дж. Россини. Опера была поставлена силами студентов кафедры «Вокальное искусство и дирижирование» и Симфонического оркестра оперной студии под управлением Михаила Кирхгоффа. Автором идеи выступил Шахимардан Абилов, Заслуженный артист РК, заведующий кафедрой «Вокальное искусство и дирижирование»; режиссером постановки стал Юрий Толочко. Главные роли исполнили Айгерим Аманжолова (Розина), Азат Тұранел (Фигаро), Алтынбек Әбділда (Бартоло), Кудайберген Абильдин (Альмавива), Ербол Мұханов (Дон Базилио), Зарина Тусбулатова (Берта), Мейрхан Тлеулес (Фиорелло).

Опера «Севильский цирюльник» была значительно сокращена, а само действие перенесено в современный мир. Можно отметить, что публика этот перенос восприняла неоднозначно: кому-то смелые режиссерские новации понравились, а кому-то – нет. Как всегда, главным критиком новоявленного музыкально-театрального действия выступит время.

После окончания спектакля мы подошли к Шахимардану Абилову.

- Шахимардан Кайдарович, как у вас родилась идея поставить оперу Россини?

- Я считаю, что университет должен иметь оперную студию и свой оркестр. Во всех высших музыкальных заведениях зарубежных стран есть оперные студии. Была такая и в Алматы. Я рад, что Айман Кожобековна Мусаходжаева, ректор Казахского национального университета искусств, подала такую идею – создать оперную студию. Так мы и открыли свою студию, и первым спектаклем стал «Севильский цирюльник» Россини. Это же здорово! Теперь наши студенты 3–4 курсов, проходя такую практику, будут иметь в своем репертуаре не одну партию. Они, таким образом, уже будут готовы к нашим музыкальным театрам в Астане, Шымкенте, Алматы. Поэтому, сегодняшнюю постановку можно считать началом Большой истории.

- Скажите, Шахимардан Кайдарович, почему выбор пал именно на оперу «Севильский цирюльник»?

- Это опера buffa и опера любимая всеми. Я думаю, что следующими операми станут «Евгений Онегин» П. Чайковского и «Камар сұлу» Е. Рахмадиева. И, таким образом, в творческом багаже нашей оперной студии уже будут 3 оперы. Вы же помните, что П. Чайковский писал «Евгений Онегин» именно для студентов Московской консерватории.

Не отказался ответить на наши вопросы и дирижер Михаил Кирхгофф.

- Михаил Михайлович, насколько интересна была вам работа в оперной студии?

- Конечно, оперная студия – это всегда очень интересно. Я рад, что, несмотря на малое количество репетиций (всего три), у нас в итоге получился целый спектакль. Что касается состава оперной студии, то он пока формируется и будет постоянным после Нового Года. Мы отберем лучших вокалистов, оркестрантов и иллюстраторов.

Конечно, нам было интересно встретиться и с оркестрантами. Вот что ответила Мадина Мадиева, студентка 2 курса специальности «Инструментальное исполнительство»:

- Партию скрипки в опере «Севильский цирюльник» Россини я исполнила в первый раз. Конечно, у меня много впечатлений. Так как репетиций было всего три, наша работа шла в ускоренном темпе. На первой репетиции мы полностью прошли всю оперу от начала до конца без солистов. Сами по себе



партии у оркестрантов очень красивые, поэтому играть эту музыку было одно большое удовольствие. Когда к нам присоединились солисты, с Михаилом Киргоффом нам было легко и понятно играть. Мы были действительно в надежных руках. Хорошее знание дирижером партитуры очень сильно помогло нам «вытащить» эту оперу на сцену в приличном состоянии.

Шахимардан Кайдарович:

-Как у вас родилась такая идея?

-Ну идея должно быть.... Университет должен оперную студию иметь, свой оркестр. И в Москве, и во всех зарубежных странах, в больших университетах есть оперные студии. Раньше в Алматы было. Конечно, Айман Кожабековне Шаке давай мы сделаем оперную студию. Вот мы открыли свой оркестр, солистов. первый спектакль сегодня Севильский цирюльник. Это же здорово! Во первых наши уже студенты 3-4 курса, проходя практику уже будет несколько партий, да? Будут готовы к нашим оперным театрам в Астане, Шымкенте.....

Поэтому это большая история сегодня. Хочу поздравить с Новым годом, желаю успехов.

А наши студенты будут практиковать, а практика это основа, понимаете, в чем дело. Есть симфонический оркестр у нас все играют, да, а теперь есть оперный. Мы можем детскую оперу ставить, воспитывать молодое поколение, детей наших на академической музыке, на оперной музыке. Я думаю, то главная наша цель. Цель нашего университета, цель профессорско-преподавательского состава.

- А почему именно опера Россини «Севильский цирюльник»?

- Ну, это интересно, эта опера, конечно, комическая опера. Понятная опера. Россини своеобразный. И следующую, мы ставим «Евгений Онегин» Чайковского и «Қамар сұлу» Рахмадиева. У нас будет три оперы. Потому что Чайковский писал «Евгения Онегина» для студентов и «Қамар сұлу» это наша великая опера Рахмадиева. И начнем с Россини, просто.

- Расскажите немного о составе оркестра и солистов?

- Состав, это наши студенты, магистранты. В хоре поют наши студенты, в оркестре играют наши студенты. Все студенты

Михаил Искров:

Инициатором был Шахимардан Кайдарович Абилов, заведующий кафедрой, а я его поддержал инициативу.

- как сформировался оркестр

Оркестр - это студенты

Заведующий кафедры всем позвонил, по башке дали. И все пришли на репетицию, сделали 3 репетиций, получился спектакль.

- утвердился ли состав?

- Нет, после нового года будет постоянный состав. Частично этот состав, но также добавятся и другие музыканты, определится после нового года по фамильно. Там не только студенты, там будут иллюстраторы.

- для вас как сыграл оркестр, на ваше мнение?

- Оркестр для 3-х репетиций сыграл очень хорошо. Потом во-вторых это не «Астана опера». В третьих это – опера, и они аккомпанировали очень достойно. Потому что с вокалистами работать совершенно другая история. Их надо ловить.

- у вас совместных репетиций было 3?

- Да.

- вроде бы вы собирались отдельно.

- Нет, мы один раз с оркестром занимались, два раза с солистами и все. Вообще-то ни один спектакль так не ставится.

- да с одной стороны это похвально. Спасибо вам.

Итак, мы стали свидетелем рождения оперной студии КазНУИ. И пусть же творческие начинания их руководителей и студентов достигнут отличных высот!

**Кожанова Айдана  
Ермухамбетова Асем  
Сарбунеев Жан  
Борибаева Бекзия  
Женис Аяулым**

**Студенты 2 курса специальности «Музыковедение»**

29



# Оқу. Бәсекелестікке қабілеттілік факторы ҚазҰӨУ тәжірибесінен



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында мемлекеттің темірқазығы «рухани жаңғыру» идеясын ұсынып, ХХІ ғасырдағы қазақ ұлтының феноменін анықтап берді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Мен қазақстандықтарға, әсіресе жастарға тағы да айтамын: КІТАП ОҚЫҢЫЗДАР! Бүгінде ұлттың бәсекеге қабілеттілігі оның білім деңгейіне байланысты. Кітап адамды жан-жақты дамытады, ой-өрісін кеңейтеді» – деп кітап оқудың маңыздылығына мән береді.

Қазақстандағы 131, оның ішінде 10 ұлттық жоғары оқу орнының бірі және бірегейі – Қазақ Ұлттық Өнер университеті, 2017 жылғы

Қазақстанның ЖОО рейтингінде Өнер оқу орындарының үздігі болып танылды.

30

Бүгінде Қазақ ұлттық өнер университетінің басты міндеті – кең-байтақ еліміздің руханиятына жоғары кәсіби деңгейде қызмет ете алатын бәсекеге қабілетті кадрлар тәрбиелеу, елорданың музыкалық инфрақұрылымын қалыптастыру, Қазақстанның рухани өмірінің серпінді дамуына мүмкіндіктер ашу. Университет ректоры, профессор, Қазақстанның Халық артисі, Еңбек Ері Айман Қожабекқызы Мұсахаджаеваның сөзімен айтқанда «...мақсатымыз музыкалық сауаттылығы мол, сезім талғамы бар, музыкалық жанрларды талдай алатын жас буынның қатарын көбейту – мәдениетті қазақ жастарының ортасын қалыптастыру».

Жанашыл шығармашылық жоғары оқу орынында кәсіби мамандарды дайындау бірыңғай үздіксіз, әрі кешенді білім беру жүйесіне біріктірілген: мектеп-колледж-бакалавриат-магистратура-докторантура. Университеттің құрылымына тоқталсақ, «Музыка», «Театр, кино және ТД», «Көркем өнер», «Дәстүрлі музыкалық өнер» факультеттерінде өнерге қатысты мамандықтар бойынша 18 кафедрада өз саласының майталмандары өнерлі жастарға тәлім беріп, шеберлігін шындайды. Сонымен қатар, ҚазҰӨУ жанынан құрылған Қорқыт ата атындағы ғылыми-зерттеу институты өз кезегінде білім мен ғылымды байланыстыра отырып, білім сапасын арттыруға ықпал етеді, қазақ халқының дәстүрлі өнерін жан-жақты зерделеу және насихаттау жұмыстарын жүргізеді.

Университет ғалымдары мен ұстаздары ғылыми еңбектері мен зерттеулерін, оқу процесіне қажетті қолындағы кітаптарын кітапханаға сыйға тартуды дәстүрге айналдырған. Мысалы, 2016-2017 оқу жылында 368 оқу, оқу-әдістемелік құралдары, мамандықтар бойынша бағдарламалар әзірленіп, басылып шықты. Сыйға оқытушылардан 2016 жылы 251 кітап, 2017 жылы 358 кітап қабылданды.

Кітапхана мен факультеттер арасындағы байланысты нығайту және жастардың кітап оқу мәдениетін арттыру мақсатында Факультет күндері, кафедра күндері өткізіледі. Мысалы, 2017 жылы 22-27 ақпан аралығында өткізілген факультет күндерінде оқу бағдарламасына көмек көрсету үшін 1500-ден аса кітапхана қорындағы құжаттар, жаңа түскен басылымдар студенттер мен оқытушыларға таныстырылды және «Болашаққа жол тартқан Қазақстан», «Болашақтың қуаты – Future Energy – Энергия будущего», «Театр әлемі және Маман Байсеркенов», «Театр санлағы – Хадиша Бөкеева», «Қылқалам шеберлері» кітап көрмелерінің тұсау кесері және шеберлік сабақтары өткізілді.

Бүкіләлемдік ЭКСПО-2017 көрмесі шеңберінде Университетте бірқатар халықаралық конференциялар, конкурстар, ғылыми форумдар мен семинарлар өткізілді. Осы шараларға қатысушы 5000 мыңнан аса қонақтар Кітапхана қызметі әзірлеген бірнеше кітап көрмелерін тамашалады. «Ұлы Жібек Жолы: Шығыс



пен Батыс мәдениетінің байланысы. Великий Шелковый Путь: взаимодействие культур Востока и Запада. The Great Silk Road: the interaction of cultures of the East and West» атты кітап көрмесі мәдениет пен әдебиет арқылы әлемдегі мемлекеттер бір-бірімен рухани байланыс қалай жасағаны жөнінде сыр шертсе, «Қазақстанның аспаптық орындаушылық өнері. Инструментальное исполнительское искусство Казахстана. Instrumental performing arts of Kazakhstan» көрмесінде қазақстандағы өнер ордалары мен өнер ұжымдарының, елге танымал жеке орындаушылардың тарихына, творчествосына қатысты материалдар қойылды, ал «Болат Сарыбаев – көрнекті ғалым-этноорганолог. Болат Сарыбаев – выдающийся ученый-этноорганолог. Bolat Sarybayev – outstanding scientist-ethnorganologist» құжаттық-кітап көрмесінде Б.Ш. Сарыбаевтың мақалалары, кітаптары, қазақ зиялыларының қазақ аспаптану ғылымы туралы ой-пікірлері, Б.Ш. Сарыбаевқа арналған мақалалар, фотосуреттер, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі қорындағы Болат Сарыбаев коллекциясынан музыка аспаптары қойылды.



акциясы аясында жыл сайын іс-шаралар өткізеді, биыл «Жыл кітабы – 2017» таңдауы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларына арналды, кітап көрмесі және университет студенттері арасында іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,

Ұранға алаш деген атты аламын.

Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,

Мен неге қазақтықтан сақтанамын? – дейтін Сұлтанмахмұт идеялары біз үшін қымбат. Сұлтанмахмұттың ақындық кредосы, азаматтық позициясы қазіргі жастар үшін білімнің идеалы.

Университетте білім беретін оқытушыдан бастап, студенттерге дейін кітап оқудың құдіретін жақсы түсінеді. Өнерге қатысты мамандықтар бойынша студенттің ой-өрісі, елестету қабілеті мен қиялы даму

Әрбір жаңа ұрпақ өзінің өнердегі жолында өзіне дейінгілердің еңбегінің нәтижесін көрін өседі. Айман Қожабекқызы Мұсақожаева бастаған ұстаздар легінің күш-жігерімен Астана қаласында Қазақ Ұлттық өнер университетінің интеллектуальді негізі қаланды, жекелеген өнер қайраткерлерінің мектебі қалыптасты, мәдени және ғылыми дәстүрлер дамыды. Осы мұраны сақтау, келесі ұрпаққа жеткізу үшін «ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҰЛҒА.» сериясымен ұлттық элита өкілдерінің өмірі мен қызметіне арналған биобиблиографиялық көрсеткіштер әзірлене бастады.

Бұл жобаның мақсаты – Қазақстанда өнер саласындағы тұлғалардың жеткен жетістіктері мен олардың өнердегі өмір жолын, өнердің дамуына қосқан үлесін көрсету. Сол арқылы жастарға өз ұстаздарының өнердегі, өмірдегі тәжірибесінен сабақ алу, бийікке ұмтылып, өзін асыл мақсаттарға бағыттауды үйрету.

Саңлақ сыншы Әшірбек Сығайдың қалдырған аманаты «Ес-Аймақ» мәдени-танымдық бірлестігімен бірлесе отырып кітапхана ақын-жазушылар, шығармашыл тұлғалармен кездесулер ұйымдастыруға қатысады, онда кейіпкерлер творчествосына қатысты құжаттық кітап көрмелерін әзірлеу дағдыға айналған. Мысалы, жазушы Әкім Тарази, режиссер Сламбек Тәуекел, ғалым Тұрсын Жұртбай, қайраткер қаламгер Сұлтан Оразалин, композитор Кеңес Дүйсекеев, жыршы Алмас Алматыев, сахна саңлақтары Гүлжан Әспетова, Тілектес Мейрамов, Ақыш Омар, т.б.

Кітапхана «Бір ел – бір кітап» республикалық

үшін көркем шығарманы оқу дағдыға айналған.

Барлық ұлы адамдар Шиллер, Гете, Толстой, Абай, Шокан кітапты көп оқитын оқырман болғанын естен шығармауымыз керек. Студенттерге көркем шығарманы насихаттау бағытында үлгі боларлық, әрбір студентке тандаған мамандығы бойынша пікір айтатын, мамандығының қыр-сырын үйретуден жалықпайтын кәсіби ұстаздарымыз жетерлік.

Жыл сайын көркем әдебиетті көп оқитын чемпион оқырмандар да анықталып отырады. Оқытушылар арасындағы ең үздік оқырмандар Ұстаздар күні марапатталса, студенттер арасындағы үздік оқырмандар факультет күндері аясында марапатталады.

Студенттердің кітап оқуға сүйіспеншілігін ояту, олардың шығармашылық белсенділігін арттыру, кітапхана мәртебесін көтеру мақсатында өткізілген «Мен және кітап» фотобәйгесі жастардың кәсіби шеберлігін шындауға, шығармашылық ізденісін дамытуға жол ашқан жоба болды.

«Мен және кітап» фотобәйгесінде жүлде алған үздік фотосуреттер кітап туралы ұлы адамдардың асыл ойларымен толықтырылып, кітапхана қабырғалары безендірілді.

2016 жылғы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын алған Университет студенттері мен оқытушылары «Халық шығармашылығы» номинациясы бойынша – Саджана Мурзалиева, «Әдебиет» номинациясы бойынша – Манарбек Қыдырбай, «Дизайн» номинациясы бойынша – Кемелбаева Әсел «Классикалық ән» номинациясы бойынша – Рахат-би Абдысағин, Азат Мәлік – кітапхана оқырмандары, біздің мақтанышымыз. Тіпті Рахат-би өзінің музыкалық шығармаларын Мәскеудегі «Музыка» баспасынан шығарып кітапханаға тарту етті.

Қытайда өткен нағыз әншілердің бақ сынайтын «I am singer» халықаралық ән додасының жеңімпазы болған Димаш Құдайбергенов кітапханада қытайлық достарымен өзі жақсы көретін залдарды аралап, өзі туралы арнайы жасалған көрмелерді тамашалады. Бұл да университет кітапханасы тарихының бір беті.

Ғаламшардың ғаламат желісі Интернетке ену бүгінде студенттердің өміріндегі негізгі құралға айналды. Кітапхана үшін Интернет – оқырмандарға қызмет көрсетуге қосымша құрал. Студенттерге университет ішінде кітаптың электронды нұсқасын оқуы үшін «Профессор-оқытушылардың еңбектерінің Виртуалды кітапханасы» жұмыс жасауда. Кітапхана сайты жұмыс істейді. Кітапхана жаңалықтары әлеуметтік желідегі кітапхана парақшасында жүйелі түрде жарияланып тұрады.

Өнер университеті болған соң студенттер түрлі концерттік бағдарламалармен гастрольге сыртқа жиі шығады. Кітапхана қорындағы қажетті ақпаратқа қол жеткізу қиынның қиыны. Осы ретте кітапхана қызметі қаражатсыз DSpace платформасы арқылы қажетті әдебиетке қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін жүзеге асырды.

ҚазҰӨУ-нің институциональді репозиторийі ([kaznuirepository.kz](http://kaznuirepository.kz)) іске қосылды.

Репозиторийге кірудің есебі, статистикасы Google Analytics қызметі арқылы жүргізіледі.

Тұтынушылармен кері байланыс және сұраныстағы қажетті әдебиетті анықтау үшін кітапхана сайтында ([kaznuilibrary.kz](http://kaznuilibrary.kz)) электрондық ұсыныс беру нысаны бар. Сұратылған материал кітапхана қорында болса, цифрлық нұсқасы жасалып репозиторийге орналастырылады. Тұтынушыға сұраныстың орындалуы жөнінде электрондық хабарлама жіберіледі.

Кітапхана осылайша тұтынушылардың барлығымен байланыс жасап, оқырмандардың сұранысын қанағаттандыру үшін қызмет етеді.

Бұдан басқа, КАБИС жүйесі арқылы 100 000 аса медиа файлдарға – музыкалық шығармалар, фильмдер, электрондық оқулықтарға қол жетімді, бұл база күн сайын толықтырылып отырады.

Мемлекет басшысы 5 институциональды реформаны белгіледі, оны енгізу үшін білім, озық технологиялар қажет және ол жаңғыртылған қазақстандық қоғамның іргетасы болуы тиіс. Тек оқырман қауым, жалпы білімді қоғам прогрессивті идеяларды түсініп алға дамытады. Оқуды қолдау және оқырмандардың белсенділігін арттыру үшін университет те, кітапхана да мүдделі, оған ерекше мән беріледі.

Адамзатты рухани құлдыраудан құтқарудың жалғыз жолы – оқу десек, университет кітапханашылары кітап пен оқу ісін ілгерілетуде Университеттің Ақпараттық-кітапхана қызметі «Казконтент» АҚ «Әдебиет порталымен» ([www.adebiportal.kz](http://www.adebiportal.kz)) бірлесіп жоғары оқу орнының студенттері мен арнайы орта оқу орындарының оқушылары арасында Қазақ ұлттық өнер университетінің (2018ж.) 20 жылдығына орай «20 жылдыққа – 20+2 кітап» жобасы аясында «Оқы. Шабьттан. Жаса.» атты республикалық Байқауын жариялады.

«20 жылдыққа – 20+2 кітап» жобасы аясында көрсетілген кітаптарды оқып шығып, ұнаған шығарма желісінде киносценарий, драмалық шығарма, поэзия, қысқаша мазмұн, эссе, музыкалық шығарма немесе сурет, мүсін, қысқа метражды кино (ролик, трейлер), фото, жарнама түрінде шығармашылық материалдарын дайындап өздерінің кітапқа көзқарасын білдіреді.



«20 жылдыкка – 20+2 кітап» жобасы – оқуға қызығушылықты сақтау және қолдау, қазақ және әлем әдебиетін насихаттау, кітапты талғап оқу, оны түйсіну, алған әсерінді жеткізе білу, оқырманды тандаулы туындылармен таныстыру, жастардың шығармашылығына қозғау салу мақсатында ұйымдастырылған инновациялық жоба.

Оқу мәселесі мемлекеттік даму мәселесіне қозғау салады, себебі тек оқу ғана адамның шығармашылық қабілетін оятып, осы заманның озық технологиялар жетістігін жетік меңгеруге және оны зерделеуге мүмкіндік береді, бәсекелестікке қабілетті тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Осы бағытта еңбек ету – абыройлы міндет.

**Ғазиза ИСАХАН**  
Қазақ ұлттық өнер университетінің  
Ақпараттық-кітапхана қызметінің  
басшысы



# СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ МІН ТҮЗЕЛМЕС



Театр өнерінде белең алып жатқан олқылықтарды көріп, шынайы жаны ашитын қаншама театр сыншылары шырылдап, өз пікірлерін жазып, жариялап жүр. Соның салдарынан біраз адамдарға жаман атты болып қала береді. Олардың сындары театр фестивалдерінде, конференцияларында, небір дөңгелек үстелдер мен жиындарда айтылып та, газет-журнал, әлеуметтік желілерге жарияланып та жатыр. Бірақ, өкінішке қарай бұлардың нәтижесін көре алмаудамыз. Сауатты сынға жұмыс жасайтын адамдардың қарасы кем. Театртанушы – театрды дұрыс жолға бағыттайтын, ақ-қарасын, аражігін ажыратып,

шынайы пікір білдіретін театр жанашыры, зерттеушісі. Сондықтан, «театртану» мамандығының 3 курс студенті ретінде, театр төңірегінде болып жатқан кейбір мәселелерге тоқталып, өз пікірімді білдірмекпін.


Театрды ұжымдық өнер дейміз. Осы ұжымның көш басында драматург, режиссер, актер тұтастығы жатыр. Одан кейінгі кезекте суретші, композитор, декоратор, гример, жарық беруші, киім тігуші және тағы басқа қызметкерлер өздерінің күш-қуатын сарқа жұмсап, аянбай еңбек етіп, тер төгеді. Спектакльдің сәтті шығуына бұлардың әрқайсысының өз міндеті, функциясы бар. Дегенмен, көрермен тек актер ойыны мен режиссер жұмысына баса назар аударып, қалғандарына мән бермей жағады. Көрермен түгілі, бұл мәселе театр режиссерлері мен суретшілерінің назарынан да тыс қалып жүр. Мәселен, Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрындағы Т.Теменов режиссурасымен қойылған «Тыраулап ұшқан тырналар» спектакліндегі неміс қызы Инганың аяғындағы ақ шұлығы мен кара туфлин «Қызыл орамалды шынарым» қойылымындағы бас кейіпкер Әселдің аяғынан көрдік. Екі спектакльде де киген көйлектерінің фасондары бірдей. Ал бұл кемшілік М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрында да белең алып жатыр. Театртанушы М.Жаксылықова өзінің «Сахналық костюм – ұсақ-түйек емес...» атты мақаласында «Спектакльге келген көрермен ең алдымен адамның кейіп-кескініне үңіледі. Кісінің түр-тұлғасынан оның кім екенін, тіпті мінез-құлқын білуге болады. Ал сахналық костюм болса, кейіпкердің қандай мінезді адам екенін, мамандығы, кәсібінен, өмірбаянынан, әлеуметтік жағдай-қалпынан көрерменге хабар береді. Костюм актерге қашанда жәрдемші, рөлге әр беруші, яғни бейнені толық түсінуге, сезінуге көмекші құрал, ал кейіпкерінің жан-дүниесін жеткізу, әлбетте, актердің еншісінде. Өкінішке орай, бұл күнде сахналық киімдердің ала-құлалығы соншалық, ол актерге жәрдемші емес, керісінше олардың әрін кетіріп, эстетикалық ләззат алуға кедергі келтіретін сияқты. Киім-кешектер бір қойылымнан екінші қойылымға көшіп жүреді. Бұл не сонда? Театр сүйер көрерменді алдағынымыз ба?» деп, жазған орынды пікіріне қосылмасқа амалымыз жоқ.

Театрға келген көрермен назарына шымылдық ашыла салысымен бірден көзге түсетін объект – декорация жағынан да ақсап жатырмыз. Мәселен, Қаллеки театрында сахналанған «Зере» драмасының декорациясы «Сарра» драмасы мен «Қараш-қараш оқиғасының» декорациялық шешімдеріне өте ұқсас. Сахна ақ түстерге боялған. Яғни, тазалықты, Зере ананың үлкен жүрегімен үндескен ап-пақ әлемді әкелуге тырысқан болар, сахна суретшісі Берік Бурбаев. Байқауымызша, үш спектакльдің де суретшісі Б.Бурбаев сахналық шешім шығару кезінде таптаурындылыққа ұрынған. «Зере» мен «Сарраның» декорацияларының түстері, жарығы бірдей. «Зере» драмасының декорациясында да сахнаның дәл ортасында ұзыннан тор ілінген, сол тор арқылы кейіпкерлер өз іштеріндегі мұңдарын, зарларын жеткізеді. Тек түсі өзгерді демесеңіз, «Қараш-қараш оқиғасында» да дәл солай. Суретшінің бір шешімді бірнеше қойылымда қолдануының себебін, суреткер ізденісінің жоқтығы деп есептейміз.

Қазіргі қазақ театрларында өсу, даму үрдісі өте баяу жүруде. Арнайы театр декорациялары мен киім-кешекке бөлінген ақша қайда кетіп жатыр? – деген сұрақ бірден туындайды. Осының барлығы театр төңірегінде талай рет жазылған мәселелер. Сондықтан, ақшасы мен алтын уақытын бөліп, театрға шөліккеп келген көрермен толыққанды, кәсіби қойылыммен сусындауы керек. Әр нәрсе өз орнында адал қызмет атқарса, ешбір елдің театрларынан кем болмаймыз деген ой, көш соңында қалып қоймаса екен деген тілек бар.

Әйгерім ДҮНГЕНЕНОВА  
«Театртану» мамандығы 3 курс

## Мінез



Мінез жеке адамның өзіне тән қылық әрекетінде, тіл қатынасында тұрақты қалыптасатын дара ерекшеліктерінің жиынтығы. Адам мінезін біле отырып, оның алдағы ықтималды әрекеттері мен қылықтарын күні ілгері барластырумен оларға тиісті реттеулер және түзетулер ендіруге болады. Мінезді адамның қандай әрекетке келетінін жаңылмай, дәл айтуға болады.

Адам мінезі сан алуан. Бұл іс-әрекетте айқын көрінеді: біреудің барша қимылы шапшаң, екінші асықпайды, бірақ ісі

тыңғылықты; үшінші іске ойланбастан асыла салады, кейін барып ойланады, жағдайға қарай ісін ретіне келтіреді. адам мінезінде көрінетін мұндай ерекшеліктер мінез бітістері деп аталады. Қандай да бітіс әрекет-қылықтың тұрақты, қайталанып отыратын нақты белгісі.

Мінез бітістері өзара көрінуі тиіс болған қалыпты жағдайлардан бөлек қаралмайды (кейде әдепті адамның өзі де дәрекілік танытады). Сондықтан қалаған мінез бітісі нақты жағдайда орынды көрінген қылықтың тұрақты формасы.

Мінез келесі типтерге бөлінеді:

1. Үйлесімді мінез типі қоршаған ортаға икемділігімен ерекшеленеді. Мұндай мінезді адамда ішкі қарама-қарсылықтар болмайды, ойлаған ойы мен істеген іс бір-біріне сай келеді. Көпшіл, ерік күші мол, қайсар, бір сөзді. Өмірдің барша қиын жағдайларында таңдаған бағыт-бағдарынан қайтпайды, көзқарас, талғамын ауыстырмайды. Максат-мұраттары мен принциптері үшін күреске дайын. Бұл адамдардың өмір сүру тәсілі жағдайға бағыну емес, оны өз қалауына орай өзгерту.

2. Іштей қарама-қарсылықты, бірақ сырттай келісімді мінез адамы. бұл типті адамның ішкі ниеттері мен сырт әрекет қылығы арасында келіспестік бола тұрып, өзінің қоршаған ортамен қатынасында әлеумет талаптарына ыңғай береді, іс-әрекетін соларға бағындырып, үлкен күшпен орындайды. Өзін ерік билігінен бірде босатпайды, жан, ой дүниесін сырттай болмыс шындығынан ажыратпаудың жолдарын іздестіруге дайын тұрады.

Сыртқы дүниемен болған араздықты мұндай адамдар өздерінің ой-пікірлерін қайта қарастырумен, психологиялық қорғаныс іздестіру және әлеумет қолдамаған күнделікті тұрмыс күйбеңіне берілмеу жолдарымен шешуге бейім келеді. қоғам мүшелері қабылдаған рухани құндылықтарды мойындайды, бірақ сыртқы жағдайларды өзгертуге ынталы емес.

3. Икемі кем, қарамақарсылықты мінез адамы: көңіл-күй, ниеттері мен әлеуметтік борыштары арасында үйлеспестік орын алған, шамданғыш, ұнамсыз эмоциялары басым, тілдесу қабілеті нашар дамыған, іс-әрекетін ақыл сарабына сала бермейді. Бұл мінез адамдарына тән қасиет: қоршаған дүниемен арақатынасын нақты әрекет-қылық жүйесіне келтірмеген, өмір желісі қарапайым бағытты тез өзгеріп тұратын қажеттері, олар пікірінше, қандай да күш жұмсамай-ақ

бір сәтте қанағаттандырылуы тиіс. Олар өмір үшін күреске дағдыланбаған, қажырсыз. балалық шағында бұл адамдар шектен тыс мәпеленіп, төңірегіндегілердің орынсыз артық қамқорлығынан дербестік қалыпқа үйренбеген. осыдан, әрқандай кедергіден қорқады, ойланып, жол іздестіруге шамасы жетпейді. Қиыншылықтарды абыржумен қабылдап, ырықсыз психологиялық қорғаныстармен (шарбаялық, қыңырлық, нәтижесіз армандау) айналып өтуге тырысады.

4. Тиянақсыз мінезді адам бағыт-бағдарының тұрақсыздығынан, принциптік бостығынан төңіректегі жағдайға ыңғайшыл келеді. Жеке адамдық деңгейі төмен. тұрақты мінезқұлығы қаланбаған,

Осыдан барша іс-әрекетінде қоршаған ортаға ыңғайлану, қатынас адамдарына жағымпаздану бұл адамның бойына сіңген мінездік көрініс. Мұндай адамдардың ішкі жан дүниесі дәрекі қарапайымдылыққа негізделген; тіршілік үшін болған әрекет-қимылы тіке, бірбеткей. күнделікті күйбең мүдделеріне жетуде ойланып-толғануды білмейді, өз мүдделерін шектей алмайды. Олар үшін

кедергі біреу-ақ – сыртқы; ішкі сапалық, жандүниелік қиыншылықтарды өлшестіруге ақылы жетпейді, бар көздегені мол, оңай олжа, бір мезеттік игілік. Бұл адамдардың барша ынта-ықласы, нақты, қалыпты жағдайды пайдаланумен қажеттерін мейлінше толық қамтамасыз ету. Ыңғайласу, жағымпаздықпен ішкі дүниесін тысқы жағдайларға бағындыру мұндайлардың негізгі мінездік болмысы.

### 5. Мінездік бітіс асқинуы

Мінездік бітіс асқинуы психологияда мінездің кейбір бітістерінің қалыптан тыс дамып, тұлға психикасының «әлсіз жерлері» формасында көрініс беруі. Мұндай да адам жалпы тұрақты қасиеттерге ие бола тұра, кейбір әсерлерге өте шәмшіл, шыдамсыз келеді. Асқынба мінез адамы қиын жағдайларда төзімділіктен айрылып, мінез-құлығының ақаулығын жасыра алмайды. Тұлғалық мінез асқинуына тап болған адам қоршаған орта әсерлеріне берілгіш, психикалық күйзеліске көп түседі. Егер жағымсыз әсерлер мінездің «әлсіз жерлеріне» соққы болып тиетіндей жағдай болса, адам қылығы күрт өзгереді, мінездің шектен тыс дамыған бітістері адам билігіне ырық бермей, басқа ұнамды қасиеттердің бәрін жоққа шығарады. Кейбір адамдардың жәй әзіл немесе сын көтермеуі, екіншілердің орынды, орынсыз тіке, шыншыл болуы осы мінез бітісі асқинуының айқын мысалы. Мінездің мұндай ұнамсыз жәйті жасөспірім шақта қарқынды дамып, уақыт өтумен қалыпты күйге түсуі мүмкін, ал адамды қоршаған ұнамсыз жағдайлар басымдау болса, психикалық сырқаттарға тап қылады.

### 6. Мінездің ұлттық ерекшеліктері

Ұлттық мінез адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі мен ірі топтары болып саналатын этностың, ұлттың, халықтың өмір тіршілігі мен әлеуметтік жағдайының тұтастығы арқылы танылады. Әрбір халық пен ұлттың, этностың өзіндік мінез-құлықтарының ерекшеліктері болатындығы тарихи шындық және объектив фактор. Қазақ халқының түркі тектес өзге халықтардан ерекшеленіп тұратын өзіндік сипат-қасиеттері бар. Ыбырай Алтынсарин еңбектерінде өз халқының мінез-құлқына тән бірсыпыра қасиеттерді атап көрсеткен-ді. Оның анықтауынша, қазақ халқына қарапайымдылық пен кішіпейілдік, ашықжарқын көңіл мен кеңпейілділік, өзге нәсілді адамдарға деген достық және сыйластық көзқарас, қонақжайлылық пен пайымшылдық сияқты қасиеттер тән. Сондай-ақ, олардың бойында өзге де мінезқұлық сипаттары бар. Бұл орайда, қазақтардың өз жері мен отанына, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, мал шаруашылығымен айналасуға икемділігі, меймандостығы мен балажандығы, өмірдің қиыншылықтары мен әділетсіз істерге төзімділігі, сөз өнерін ардақтауы, шешендік қабілеті, еңбексүйгіштігі мен шыдамдылығы олардың жалпы ұлттық қасиеттері болып табылады. Адамның мінез-құлқының өзгеріп отыруына әлеуметтік жағдайдың үнемі ықпал етіп, оның жаңа сапаларын қалыптастырып отыратындығы ғылыми тұрғыдан анықталған тарихи шындық және объектив фактор.

«Шабыт» редакциясы



## Движение к результату — самое главное



Мне посчастливилось получить интервью от выдающегося мастера сцены, профессора, режиссера, народного артиста Кыргызстана Сергея Федоровича Матвеева. Обладатель непревзойденной харизмы Сергей Федорович буквально очаровал меня простотой души и любовью к театру.

Выпускник ГИТИСа, он более 20-ти лет проработал в Государственном Академическом русском театре драмы Бишкека. С 2002 года — ведущий артист столичного русского театра. Сыгранным здесь ролям может позавидовать любой его коллега по актерскому цеху, а зрители исправно ходят в театр «на Матвеева», создавшего для них запоминающиеся образы Городничего в «Ревизоре», Кречинского в «Свадьбе Кречинского», Клавдия в «Гамлете», Князя в «Хануме», Иванова в спектакле по одноименной пьесе А. П. Чехова. На счету Сергея Федоровича и несколько режиссерских работ в Астане и Актау. Также, он доцент в Казахском Национальном университете искусств.

— Сергей Федорович, что в вашем понимании театр?

— С профессиональной точки зрения, театр — это возможность поискать в себе новые качества, то есть ощущение открытия. Получая каждый раз роль, ты начинаешь проживать другую жизнь. В этом вся прелесть и состоит. Переноситься во времени, в возрасте, в характере, искать в себе характер того или иного персонажа. В первую очередь, я должен удивить себя.

Творчество в моем понимании, (как режиссер и актер) чтобы удивить себя, удивить партнера, и вместе с партнером удивить зрителя. Зритель, с каждым приходом в театр, должен видеть разного актера играющего разные роли, он должен удивляться этому. Чтобы зритель смог раскрыть актера, актер должен раскрыть себя.

— А как вы готовитесь к роли морально?

— Постепенно начинается познание персонажа. К сожалению, современный театр несколько отличается от того театра, в который я пришел в свое время. Когда мы брали пьесу, был застольный период. Мы очень глубоко разбирали пьесу все вместе. Разбирали движение мыслей автора, сопоставляли его с нашим сегодняшним днем, искали болевые точки, которые могли бы вызвать отзыв из зрительного зала сегодня. Около двух недель мы сидели и разбирали подробно каждую мысль. Психологически раскладывая всю палитру образа. И до сих пор я считаю, что важен не результат. Одной из главных ошибок молодых актеров и абитуриентов, которые приходят ко мне, заключается в том, что они движутся к результату, к эффекту. А процесса нет. А в моей профессии для меня доставляет большее удовольствие сам процесс. Движение к результату — самое главное. А современным театральным режиссерам все равно. За месяц они могут поставить «Анну Каренину», за неделю «Ассоль». Сейчас такие актеры как я, копающие в глубину, не выполняют режиссерские требования. Я должен понять, и воплотиться через сознание. А это занимает время. Его у него катастрофически мало, ибо он должен ехать в иной конец страны ставить там другой спектакль. Поэтому он выбирает молодых актеров, выполняющие все его поручения без лишних вопросов. «Мы — мамонты», как сказал однажды в свое время Басилашвили, поэтому с нами не хотят работать. По этой причине я не обижен. Я нахожусь в таком положении, что в год две роли мне это вполне достаточно. Ибо тогда я работаю полноценно. Молодые актеры как горох, не успев отойти от одной роли, они перепрыгивают на другую. Им это нравится, они востребованы, но они теряют самого главного — они не могут заняться собой.

Мне очень повезло, когда я закончил институт, мы выбирали не города, а режиссеров. Мое счастье, что я попал из рук одного хорошего педагога Ансимова Г.П., я попал в руки к другому режиссеру к В.Б. Пази.



отвечаю им, что они научились танцевать и прыгать, это, конечно же хорошо, единственное вам мое пожелание — стремитесь к тому, чтобы научиться молчать на сцене. Когда вы научитесь молчать, вот тогда будет веять профессионализмом. Нужно сделать так, чтобы огромные залы ждали твоего движения руки, замороженные, словно кролики перед питоном.

— **Я всегда задавалась вопросом, почему в последних постановках театра задействованы лишь молодые актеры... только что получила ответ! Спасибо! Как вы считаете, какое отличие между молодежью вашего времени и нынешней?**

— Мне их жаль, ибо они бесхозны. Нет отца театра. Они лишь продукт, ими только пользуются, их очень легко заменить. Их судьбы, творческие поиски никого не волнуют. Пазиев знал, что если убрать одного актера из труппы, то он потеряет нечто родное. А сейчас как в приюте — все чужие. В этом и есть отличие.

— **Каждые четыре года вы набираете мастерскую в наш университет. Какие вы ставите критерии или требования при поступлении? Или же поступает тот, у кого наибольшее количество баллов?**

— Очень хороший вопрос. Когда мы поступали, руководитель, набиравший курс, имел двух педагогов. А руководители были мастера сцены мирового уровня. Его слово было самым главным и последним. При поступлении был конкурс 250 человек на место. Нужно было отобрать 50. И он их всех просматривал, несмотря на свой плотный график. Он выбирал лучших и, несмотря ни на что, они поступали. А сейчас? Кто наберет больше баллов. На творческих вы можете выступить безупречно, но провалив КТА, вы не сможете поступить. И студент среднего уровня поступает.

— **Часто ли у Вас это происходит?**

— Очень. К нам приезжал режиссер В.Бородин, ставивший «Хануму». Мы оба преподаем, и как - то однажды он сказал очень хорошую и грустную вещь: раньше из нас из алмаза гранили бриллиант, а

Я придерживался того же принципа, что и перед собой ставил Пази. Я был молодой актер, герой. Я был занят во всех спектаклях. Я играл все центральные роли. И мое счастье было в том, что в зрительном зале сидел режиссер-педагог и руководитель театра, который думал о судьбе всей труппы. Он думал о судьбе каждого актера. Ему была не безразлична игра актера, и он не позволял нам повторяться. Он выработал во мне этот принцип. Когда мы брали новую пьесу, во время репетиций он говорил мне «Сережа, это ты уже можешь. Это я уже видел. Давай искать, что-то новое». Ему было не все равно. Я проработал с ним 10 лет, было сыграно более сорока совершенно разных ролей. И на каждой постановке он присутствовал. Ему было интересно дать актеру ту роль, которая ему была совершенно противоположна его характеру, чтобы ему было трудно.

Сегодня нет режиссеров-педагогов, которые думали бы о судьбе театра. Здесь наступает цепная реакция: чтобы руководить театром, нужно огромное количество нервов, сил и времени. А оклады — маленькие. Получается, что талантливый, востребованный режиссер, не имея желаний брать на себя эту ношу, начинает разъезжаться и ставит постановки там, где больше платят. А кто же остается руководить театром? Те, кого не приглашают, кто не востребован. И естественно, уровень театра падает.

Когда подходят ко мне мои ученики (а их пол труппы театра) и спрашивают, как их игра, я



сейчас к нам идут булыжники, и хотят, чтобы мы сделали бриллиант. Не все конечно, но когда конкурса нет, поступают все, кто захотел.

Кабитуриентам самое главное требование — темперамент. Чтобы была эмоция, и была она заразительна. И конечно, ощущение удовольствия от игры, от процесса. Иногда приходится натаскивать. Когда творчество уходит на второй план, приходится вдохновлять. Но понимаешь, что принципиальность тут не к месту, ибо на тебя нападет целая плеяда педагогов, которые останутся без хлеба.

— **По какой системе вы обучаете студентов?**

— По системе Станиславского.

— **Как вы относитесь к критике в Казахстане?**

— Я ее не видел. Пишется на уровне нравится/не нравится. Даже если и хвала, то без доказательств. Он пишут не то, что они видят, а то, что им кажется. А это разные вещи.

— **А как отреагировали Ваши родители, когда узнали, что их сын хочет пойти по тонкому пути творчества? Все-таки вы выросли в советское время...**

— Это мое счастье! Моя мама в свое время хотела быть актрисой. Она была очень творческим человеком. Мы жили в казахских отдаленных поселках Талдыкурганской области. Отец мой был главным зоотехником, а мама работала в конторе в отделе кадров. Она играла на гитаре, занималась общественной и творческой деятельностью поселка, при этом совмещая с домашними хлопотами и воспитанием четырех сыновей. И когда она заметила во мне потенциал, она вложила все силы, чтобы воплотить в жизнь мою мечту. Я исполнял ее мечту.

Я хотел петь. Пел я хорошо, вот только родители никогда не слышали как я пою, потому что когда я выходил на сцену, я терялся и забывал все слова. Я проваливал все выступления, и меня уже не брали. А я пел дома и подражал Магамаеву. Соседи слыша мое пение говорили моим родителям, мол, у Сережи то голос хороший. Но впервые мама услышала мой голос, когда я учился в ГИТИСе. Я все хотел поступить в консерваторию, но без музыкального образования меня бы и не прослушивали бы.

В Алматы приехал Фронзенский театр с гастрольями. Мама отыскала главного режиссера и рассказала ему про меня. Он согласился посмотреть на меня, он как раз набирал курс. На тот момент я был невысок, примерно 165 см ростом. При встрече он очень удивился, увидев, какого я роста и говорит: «А почему ты такой маленький то?», но все же он пригласил меня в Москву на вступительные экзамены. На экзаменах я жутко волновался и опять же позабывал весь текст. Но все же каким-то чудом Георгий Иванович Иванов провел меня на второй тур. На третьем туре они спросили, могу ли я петь, и вот настал мой звездный час. Приняли они меня с учетом того, что театральным дирижер сказал, мол, вдруг понадобятся голоса на заднем фоне?

Поступив, я раскрепостился и был единственным из всего курса, которого оставили работать в театре. Мне дали сразу квартиру.

— **Где проходило ваше детство?**

— Детство мое прошло в селе Лепсинск, Андреевского района Талдыкурганской области. Потом мы много переезжали. Моя мама мне часто говорила, что я родился в раю («райском месте»). И как-то не доводилось съездить. И вот в 2008 году мне предложили главную роль в фильме о нашей столице — «Легенда нового города». Мой герой — профессор Стивенс из Гарварда — занимается археологическими раскопками в Казахстане. Сказали, что съемки эпизодов с раскопками пройдут под Алматы. Едем туда, и я начинаю понимать, что, хоть и слышу новые названия населенных пунктов, мы движемся к моим родным местам. Читаю — «Сарканд». Поворачиваем, едем дальше — «Андреевка». Дальше дорога уходит в горы, мы забираемся все выше и оказываемся... в Лепсинске! В пятистах метрах от моего родного дома шли съемки. Я испытал тогда целую бурю чувств. И места там действительно удивительные! Я спросил у старожилов, где был раньше роддом, там остался лишь фундамент. Так я прикоснулся к точке, где началась моя жизнь.

— **А как судьба привела Вас в Астану?**

— Получилось так, что в 1999 году В.Пази уехал в Санкт-Петербург, и театр начал разваливаться. Мой товарищ, он предприниматель переехал в г. Степногорск. Он пригласил нас поставить небольшую рекламную постановку. Приехали. Зима. Отыграли постановку «Ограбление в полночь» (авт.М.Мирович). Было еще 4 часа до отправления поезда. А я 9-й класс заканчивал в Караганде. И когда то приезжал сюда с братом. Сел на автобус. Приехал, спросил, где находится театр, и подумал, может здесь спектакль поставить? Познакомился с директором В.В.Тарасовым, он познакомил меня с художником Ю.Ханингой. Через некоторое время Ю.Ханинга пригласил меня поставить спектакль.

— **То есть, в театр вы пришли в качестве режиссера, а не актера?**

— Да, так и есть. Я поставил здесь спектакль. А потом, через некоторое время Ю.Ханинга начал репетировать «Ревизора». Мне предложили роль Городничего. Но тогда я работал в Бишкеке. Я начал репетировать. И в конце репетиционного периода заместитель акима города по культуре пригласил меня к себе. Т. Мухаммеджанов и вручил ключи от квартиры. В Бишкеке на тот момент театр уже разваливался, посоветовавшись с Натальей Ивановной, забрав свой курс, мы переехали в Астану.

— **Кто вы по натуре пессимист или оптимист?**

— Должен сказать, что оптимист. Получилось так, что из-за определенных обстоятельств выпал из творчества на полгода. За эти полгода я подготовил программу. В скором времени будет мой творческий вечер «Наедине с Пушкиным». У меня есть различные большие программы по Чехову, по Островскому и Лермонтову. Наша профессия несколько зависима, но я был избалован вниманием режиссеров, у меня была всегда та работа, которую я хотел. Поэтому я и стал режиссером. Потому что сам хотел творить.

— **Бывали ли казусы в вашей профессии?**

— В Бишкеке меня подавали на звание «Заслуженного артиста», был спектакль «Три сестры». В это время я записывал на радио песни с эстрадно-симфоническим оркестром, я совершенно забыл про спектакль. Я приехал в театр, чтобы посмотреть расписание. У дверей театра толпа людей. Актеры стоят и я понял, что я что-то натворил. В расписании было написано «В связи с неявкой актера спектакль отменен!». Тогда был закон, если у тебя есть выговор, то звания ты не получаешь. Пазиев был бессилён, развел руками. И на мое счастье заболел актер. Оставалось три дня до премьеры. Не припомню, какой спектакль. Меня вызывают в кабинет и говорят «Если ты сыграешь эту роль, то эта благодарность покроет твои минусы». И я сыграл.

— Спасибо Вам огромное за интересный диалог и уделенное время. Желаю творческих успехов!

С актером беседовала студентка 3 курса специальности «Театроведение» Калкатай Аида.



## Өмірді - ертегі деп қабылдау керек...



Ойшыл Абайдың: “тіл жүректің айтқанына көнсе жалған шықпайды, амалдың тілін алса жүрек ұмыт қалады” демекші, бүгінгі әсерлі кештің, әдемі естеліктерін екі жарым сағаттың ішінде әсерлі оймен айшықтап, биік өреге көтерген - Философия ғылымдарының докторы, «Құрмет» орденінің иегері, ғалым, профессор Ғарифолла Есім ағамызбен өткен кездесу «Ес-аймақ» күнделігінің тағы бір зор табысы болды.

Олай дейтінім, Ғарифолла ағамыздың жастарға деген терен сүйіспеншілігінен туған тың ойлары көрерменнің шексіз ризашылығын тудырды. Ғалым әйел кісінің абзал да айбынды тұстарын айта келіп, Мұхтар Әуезовтың небәрі жиырма бір жасында жазған “Қорғансыздың күні” әңгімесі желісіндегі Ғазиза қыздың өмірінен терен сыр шертіп, ананы құрметтеу, әйелді қадірлеу, қызды аялау, оларға қорған болу арқылы ұлт теңдігін, тұтастығын оның өлшеусіз рухани кеңістігін сақтап қалатынымызды салмақты пікірлері, салмақты ойлары арқылы ортаға салды. Кейіпкеріміз ұстаздар мен студенттердің сұрағына ағынан ақтарыла жауап беріп, «шимай философия» атты мақаласында көтерген көп мәселелерді кеңінен тарқатып әңгімелеп берді. Естен кетпейтін бұл ерекше кездесу – жиналған жастардың санасына үлкен сілкініс жасап, терен ойға қалдырды деп айтсам арттық айтқаным емес. Кеш соңында Қазақ ұлттық өнер университетінің Ақпараттық-кітапхана қызметінің басшысы Ғазиза Исахан апай ортаға шығып, кеш қонағы Ғарифолла

ағамызға ғибратты ойлары үшін үлкен алғысын білдіріп, кітапхананың, ес-аймақтың атынан кіші-гірім сый-сияпатын берді.

Құрметті студенттер, ай сайын өтетін Ес-аймақ бірлестігінен қалмайық. Бұл кездесулер біздер үшін ұйымдастырылады. Өркениетті ел боламыз десек, тағылымды кештерден табылайық!!!

Жаксылық МҰРАТБЕК



## Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана.

### «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции»



Дата проведения: 10.01.2018г. 11.00ч

Место проведения: Конференц зал КазНУИ

Присутствовали: Профессорско-преподавательский состав, сотрудники, студенты бакалавриата и магистранты

Выступление:

1. Приветственное слово от зав.кафедры «Истории Казахстана и гуманитарных дисциплин» профессора Касабековой А.И.
2. Просмотр видеотрансляции Президента РК Н.А.Назарбаева по сайту <https://news.mail.ru/politics/32179871/?frommail=1>
3. Доцент кафедры «Истории Казахстана и гуманитарных дисциплин» Бабажанова Жанат Абдуланоповна
4. Студент 2 курса «Хоровое дирижирование» Сұлтангазы Алғыс
5. Студент 2 курса «Вокальное искусство» Мамытова Бакдәулет
6. Заведующий кафедры «Домбыра», профессор Жаңғали Жүзбай
7. Студентка 1 курса «Қобыз» Сали Алия
8. Доцент кафедры «Истории Казахстана и гуманитарных дисциплин» Бектасова Ж.Т.
9. Проректор по воспитательной работе, профессор Алипбаев Турар Байдусекович



# Өнер адамының көңілі баладай аңғал



«... Кейіпкер болмысының ішкі-сыртқы сан бояуларын құбылтып беру секілді сахналық нәзік тегершіктерді дөп басу Нүкетай, әрине, аспаннан алмаған болар» деп, театр сыншысы Әшірбек Сығайдан әділ бағасын алған еді. «Қымызхана» телетеатрындағы Теңге (Н.Мышбаева) мен Өкіреш (Р.Телеубаев) екеуінің арасындағы қызықты оқиғалары, қалжындары ғажап еді. Ол күндерін көзіне жас ала еске алатын Нүкетай апаның аңғалдығы басым екен. Қанша санын сокса да, сеніп қала беретін талантты актрисаны актер Бекжан Тұрыс талай алдаған көрінеді. Бірде сол әзіл әдетіне басып, қарияның дауысымен Нүкетай апамыздың үйіне қоңырау шалады.

- Ало, бұл Нығметтің үйі ме екен?

- Иә!

- Мен кіммен сөйлесіп тұрмын?

- Сізге кім керек еді?

- Маған Нүкетай керек еді

- Иә, менмін, тыңдап тұрмын.

- А, айналайын Нүкетай, қалдарың жақсы ма?

- Жақсы, жақсы, бұл кім екен?

- Бұл академик Сәлкен Қалыбеков деген ағаң. Енді сендер бізді біле бермейсіңдер ғой қарағым. (бұл Б.Тұрыстың ойынан шығарған аты еді)

- Жооқ жоқ, сізді білемін, танимын ғой.

- Ааа солай ма? Олай болса Нүкетай, сенің қолың бос болса, бес минуттай уақытыңды алайын, ренжімесен.

- Жоға, уақытым бар аға. Айта беріңіз!

- Мен сол театрдың хал-ахуалы туралы

айтайыншы деп едім. Онымды назым деп қабылдайсың ба, жоқ әлде сырым деп қабылдайсың, өзін білесің. Бірақ, бүгінгі өнер туралы біраз шерімді тарқатсам ба деймін.

- Иә, иә айта беріңіз аға, тыңдап тұрмын.

- Нүкетай-ау, мына театрды не істеп жібердіңдер. Қазақ театры қазақы мінезінен айырылып бара жатыр ғой. Сендерге айтпаған да кімге айтамын. Мен сол Қалликейлерден келе жатқан көрерменмін. Олардың сахнадағы рөлдерін жалықпай көре беруші едім. Сенің де анау Акбалаң, Жүзтайлағың, Майраң қандай еді, үндерің қандай еді? Құдай-ау, бірінші рет тыңдап отырғандай, сендерді тыңдай беруші едік қой. Ал, қазір не боп кетті? Кешіріп қой айналайын, ана актерлердің дауыстары ауыздарынан емес, бір жерлерінен шығады ғой. Алтыншы қатарда отырған мен жөнді естімеймін. Көңіліңе тисе де айтайын айналайын, кешегі сол Сер ағандар, Сәбиралардың көзін көрдің, қасында жүрдің, сол сендерге аманат етіп кеткен жоқ па, енді сол аманатқа қиянат жасамай, өздерің сияқты талантты шәкірттерді неге тәрбиелемейсіңдер? Ұят емес пе? Сондай Әуезов театрында іліп алатын актердің қалмағаны мені қатты қынжылтады. Әйтеуір, дауысы бар біреу бар. «Ов», «Ев» ті алып тастағалы бері аты мен фамилиясын ажырата алмай қалдық қой өзі. Бауыржан ба аты әлде Қаптағай ма?

- Аты Бауыржан, Бауыржан Қаптағай қой.

- Еее Сол Бауыржаннан Ыдырыстың, Нұрмұханның дауысын таба аламын. Өзі сол біз жақтың, Нарынқолдың баласы-ау дим

- А, сіз Нарынқолдансыз ба, иә, иә ол біз жақтың баласы. Ой бізде көп қой ондай талантты балалар. (мақтап алды)

- Тағы басқа кім бар? Жастан анау бір актер бар, кішкене фактурасы дұрыс, ойы бар. Оның аты Біләл ме, Ерлан ба?

- Ерлан аты, Біләлов. Ол да біздің ауылдың баласы ғой, ой талантты актер. (ойнаған рөлдерін айтып мақтай жөнелді.)

- Е дұрыс, енді кім бар олардан басқа айтшы. Жок қой. Сосын айтқандай, аты кім еді? Туф есіме түспей тұрғаны, анау, үнемі шалды ойнайтын адамның аты кім еді?

- Бекжан Тұрысов қой. Ооой, ол жиырма бес жасында менің шалым болып ойнаған. Өте талантты, ізденімпаз актер. Ол да біздің нарынқолдан (мақтап алды)

- Енді Нүкетай, сен солай деп жатырсың. Соның шалынан басқа мен бір тәуір рөлін көрмеппін. Өзі ілмейін, не фактурасы, не түрі жок, оны театрға қалай алғансыңдар? – деп актер Бекжан сұрақты кекесінмен қойып қалғанда, бағанадан бері біздің Нарынқолдың баласы деп өзеуреп мақтап отырған Нүкетай апай «Аа» деп тұрып қалды да.

- Ей, құдай-ай, ол анау ұйғыр ауданның баласы ғой – деп, қойып қалды. Ол жауапты күтпеген Бекжан.

- Нүкетай апааа

- Әй, бұл қайсың?

- Мен Бекжанмын. Енді сіз солай бөлетін болғансыз ба?

- Әй, қу шешек, қу шешек. Сен мені жынды ғып бітіретін болдың ғой – деп, трубкуны қоя салады.

Ең қызығы. Арада он-он бес минут өтер-өтпестен телефон қайта безілдеп қоя береді. Жалма-жан Нүкетай Мышбаева тұтқаны көтере салып:

- Тууу, қоясың ба қоймайсың ба? – деп қысқа қайырып, ашуланып тұтқаны қоя салады.

Бір уақытта Журналисттер келіп:

- Апа, сізден кешірім сұраймыз. Келіп тұрған «Айқын» газетінің тілшілері. Бағана қоңырау шалған Журналисттер біз едік.

- Ойбуу, құлындарым-ай, кешіріңдерші. Анау Бекжан деген мені күніне он рет алдайды. Жасы үлкен демей мені салпақтатып анда жібереді, мында жібереді. Мен әбден әбігерге салды. Үйге кіріңдер айналайындар.





**Рамазан ТҰРМАҒАМБЕТ**  
“Домбыра” мамандығы 4-курс

#### **Аялдама**

Алып ұшып арман жүрек сокқылап,  
Серігімнен қайта-қайта шоқ құлап,  
Тұрсамадағы ашуымды өлтіріп,  
Токтамауда қырсыққанда көп құрақ.

Мына ғалам маған қарсы секілді,  
Неге? Неге? Кескілеуде етімді.  
Қос аяққа сеніп жүргім келмей тұр,  
Аяз тіліп тастайма деп бетімді.

Маза бермей құлағыма қыбырлар,  
Сыбырлап тұр, жақынына шұғыл бар.  
Енді кайтем, күйдіргенде пұлым жоқ,  
Жанымдағы жомарт емес жұмырлар.

Көбейгенде тілмен жақтың бұрқылы,  
Шыға келді тамақтың да күркілі.  
Келісілген уақытқа да таяды,  
Қол сағаттың қою кара қыл тілі.

Тұрсадағы шыдам шегі үгіліп,  
Үмітіме тұрмын сеніп жүгініп.  
Міне келді көптен күткен автобус,  
Есігінді аш, отырайын жүгіріп.

Қысып еді мына өмір шіркіні,  
Қазір жақсы, жүрегімнің бүлкілі.  
Ашу үсті айтқан сөзің япырмай,  
Барар жерге жеткенінде күлкілі.

2014 жыл

#### **Бейімбет Майлин көшесі**

Ей Астана толғатқан күлін кектің,  
Асаулықты шартына бейім деп тым.  
Сабылттың Шұға жанды көп іздетіп,  
Көшесінен Майлин Бейімбеттің.

Қалайсың ба білмедім жасырғанды,  
Мен аңсаған жауһар гүл асынғанды.  
Тентек ұлдың, арманын тау бұзатын  
Салқыныңмен қаладың қашырғанды.

Қайда менің жалғызым жылы жүзді,  
Сен айтпасаң шабарман түнің сүзді.  
Сөйле қане ашылып ұйқыбас қыс  
Желкесінен тартқызбай қоңыр күзді.

Салқындығың қос қолымнан сезіліп,  
Үміт шекер көңілдегі езіліп.  
Кетер бәлкім. Қалар бәлкім жайдарлы,  
Мен қалған жұмыр жылу кезігіп.

Орталықтың ой бұзатын кешінен,  
Жалыққандай айрылғандай есінен.  
Жүрек байғұс жолығар деп карап тұр,  
Менің күткен Несібем...

